



**«ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМДЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ»**

*тақырыбына жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері  
бойынша талдамалық баяндама*

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	3
СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ .....	5
СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	11
<b>1. Қазақстандық жастардың негізгі өмірлік басымдықтары .....</b>	<b>11</b>
1.1 Қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктері .....	11
1.2 Жас буын үшін еңбек құндылық ретінде .....	18
1.3 Денсаулық және салауатты өмір салты құндылығы .....	21
<b>2. Заманауи Қазақстан жастарының отбасылық құндылықтары ..</b>	<b>24</b>
2.1 «Мінсіз отбасы» және оның сипаттамасы .....	24
2.2 Жас қазақстандық отбасыларында міндеттерді бөлісудің құрылымы .....	28
2.3 Жастар ортасында некелесудің артықшылықты түрлері .....	30
<b>3. Жас қазақстандықтардың мәдени-сауық сұранымдары .....</b>	<b>36</b>
3.1 Заманауи жастардың мәдени өмірге араласуы .....	36
3.2 Жас адамдардың мәдени сұранымдары .....	38
3.3 Мәдениетпен танысудың негізгі көздері .....	41
<b>4. Заманауи Қазақстан жастарының саяси құндылықтары .....</b>	<b>43</b>
4.1 Жастардың саяси сұранымдары мен күтулері .....	43
4.2 Жастардың қоғамдық-саяси сауаттылығы және білімі .....	50
4.3 Жас қазақстандықтардың тілдік сұранымдары .....	53
<b>5. Жас қазақстандықтардың рухани-адамдық құндылықтары .....</b>	<b>57</b>
5.1 Жас буынның рухани-адамдық мәдениеті .....	57
5.2 Жас қазақстандықтардың діни көзқарастары мен сұранымдары .....	60
5.3 Жастардың ұлтаралық толеранттылығы .....	67
НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР .....	72
А ҚОСЫМШАСЫ: ИНСТРУМЕНТАРИЙ .....	75
Б ҚОСЫМШАСЫ: ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	92

## КІРІСПЕ

Таңдап алынған социологиялық зерттеудің өзектілігі заманауи қазақстандық жастардың құндылықтар әлемі біркелкі емес қарама-қайшылықтарға толы болғандықтан, оның зерттелуін және басымдықтарды анықталуында жатыр.

Негізгі қарама-қайшылықтар жас буынның құндылықтар жүйесінде нақты ауысулар жүріп жатуында көрініс табуда. Басқа сөзбен айтқанда, жастар елдегі және жаһандық көлемде болып жатқан әлеуметтік үрдістерді қабылдай келе, өзінің сұранымдарын, көзқарасы мен басымды құндылықтарын білдіреді.

Аталмыш зерттеудің проблемалық жағдайы немесе негізгі зерттеу мәселесі – «аға буынның құндылықтар жүйесінің сабақтастығын Қазақстан жастары оларды қабылдап сақтайды ма әлде жаңа құндылықтар бағдарлары қалыптасуы мүмкін бе?».

Қазақстан жастарының құндылықтар бағдарларын зерттеу барысында келесі мәселелер талданды, олар аталмыш есептің тиісті тарауларында қарастырылды:

- Қазақстандық жастардың құндылықтар жүйесінің иерархиясы
- Еңбек, десаулық, достық сияқты түсініктерге көзқарасы
- Отбасылық құндылықтар және некелесудің артқышылықты түрлері
- Бос уақыттың құндылығы және мәдени өмір
- Саяси ұстанымдар, көзқарасы, мінез-құлығы және күтулер
- Қазақстан жас буынының өмірінде рухани-адамдық мәдениеттің рөлі.

### Зерттеудің мақсаты

Таңдап алынған социологиялық зерттеудің негізгі мақсаты *Қазақстан жастарының құндылықтар бағдарларын талдау* болып табылады.

### Зерттеудің міндеттері

Аталмыш зерттеудің техникалық сипаттамасына сәйкес қойылып отырған мақсатқа жету үшін зерттеудің келесі міндеттерін шешу қарастырылып отыр:

1. жас қазақстандықтар үшін ең басымды құндылықтарды анықтау;
2. жастардың еңбекке деген көзқарасының ерекшеліктерін анықтау;
3. отбасылық құндылықтар ерекшеліктерін анықтау;
4. жастардың патриархалды ұстанымдар ерекшеліктерін анықтау;

5. жастардың ұлтаралық төзімділік деңгейін анықтау;
6. жас қазақстандықтардың саяси және тілдік ұстанымдар ерекшеліктерін анықтау;
7. Жастар құндылықтарына әсер ететін факторларды анықтау.

**Зерттеу объектісі:** Қазақстан Республикасының параметрлер бойынша таңдалып алынған, оның әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамасын танытатын 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы азаматтары (жастар)

**Зерттеудің мәні:** Қазақстан жастарының мінез-құлық ұстанымдарының ерекшеліктері.

**Зерттеудің аумағы:** Қазақстан Республикасы.

**Сауалнама тілі:** жауап берушінің қалауына қарай қазақ және орыс тілдері

**Социологиялық зерттеуді өткізу мерзімі:** қазан-қараша, 2016 жыл.

**Орындаушы** – «Жастар» ҒЗО

## СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

### Зерттеу методологиясын және бастапқы мәліметтерді жинау әдісінің негіздемесі

Заманауи социологияда бастапқы әлеуметтік ақпаратты алу әдістеріне екі түрлі көзқарас – сандық және сапалы методология қалыптасқан. Аталмыш социологиялық зерттеу сандық методологияға негізделеді. Сандық әдістер өлшейді, көлемін анықтайды немесе сұрақтары бар сауалнамалар қолданылады, оларға берілетін жауаптар кодталады және оған сандық талдау жүргізіледі. Сандық әдістер жалпы тұрғындардың барлығын шектелген сұрақтар бойынша және көп адамдарды немесе мысалдарды зерттеу арқылы алынған деректер негізінде сипаттауға, тұрғындарды сипаттау кезінде айтарлықтай айырмашылықтарды анықтауға немесе оларға әсер ететін факторлардың, проблеманың және оның нақты себептері арасындағы байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сандық және позитивистік методология сандық әдістердің басымдылығын сөзсіз мойындайды, тек оларды ғана растай алатын және дәлелдейтін әдістер деп санайды. Бұл дәстүр тұжырымдаманы фактілерден талдаулық теорияға көтерілудің индуктивті үдерісі ретінде қалыптастыруды қарастыратын ұстанымдар кешеніне сүйенеді.

Сандық көзқарастың артықшылықтарына зерттеу үшін сан жағынан көлемді объектілер, әлеуметтік топтар, қауымдарды қолдану мүмкіндігін жатқызуға болады.

Жастардың рухани-адамдық тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерттеу барысында **бастапқы мәліметтерді жинаудың негізгі әдісі** жаппай пікіртерім жүргізу әдісі– сауалнама болып табылады. Социологиялық зерттеу барысында ең маңыздысы мәліметтерді жинау болып табылады. Осы сатыда мәліметтер жиналады, оның негізінде соңынан құбылыстар арасындағы байланыстар туралы қорытындылар жасалады және олардың маңыздылығы анықталады.

Жаппай пікіртерім (mass survey) – бұл мәліметтерді жинау әдісі, бұл ретте зерттеуші тікелей тұрғындар өкілдерінен, олардың жауаптары негізінде барлық тұрғындар жөнінде немесе олардың бір бөлігі жайлы айтарлықтай сенімді қорытынды жасауға болатындай таңдалып алынғандардан ақпарат алады.

Аталмыш зерттеу әдісінің мықты жағы жауап берушілерден фактілер, білім (perceptions), пікір (opinions), көзқарас (attitudes) және мінез-құлық есептері (behavioral reports) сияқты ақпарат түрлерін алу болып табылады.

Фактілерге жауап беруші туралы биографиялық мәліметтер (жасы, кәсіп түрі, туған жері, алғашқы саяси әуесқойлығы), олар басқа мәліметтерді интерпретациялау кезінде айтарлықтай болуы мүмкін. Білімдер санатына жауап берушінің қоршаған орта туралы ой-пікірлері жатады, яғни ол білетін немесе білуі ықтимал (мысалы, лауазымды тұлғалардың тегі немесе саясат туралы мәліметтер). Пікірлер тізіміне жауап берушінің нақты бір заттарға және оқиғаларға оның сұранымдары немесе көзқарастары кіреді. Қарым-қатынастарға жауап берушілердің айтарлықтай орныққан көзқарасын және олардың оқиғаларға, құбылыстарға және идеяларға берген бағасын жатқызуға болады. Тұрғындардың жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатты қаншалықты қолдап отырғанын білгіміз келсе, онда біз көбіне нақты бір пікірлерге негізделген көзқарастарды қарастырамыз. Мінез-құлықтық есептер – бұл қандай да болсын бір жағдайларда (дауыс бергенде, газет оқығанда, бір саяси ұйымдардың қызметіне қатысқанда және т.т.) жауап берушілер беретін пікірлер.

Сауалнама кезінде сұрақтар түсініктерді операцияландырудың құралы іспеттес, ал осы сұрақтарға берілетін жауап берушілердің жауаптары бақылау ретінде қолданылады. Сондықтан бұл әдіс талдау бірлігі болып индивидтер және негізгі қолданылатын түсініктер осы индивидтермен байланысы бар зерттеулер үшін әсіресе қолайлы болып табылады. Атап айтсақ, бұл зерттеу әдісі орын алған пікірлердің жалпы параметрлерін анықтауға мүмкіндік, аталмыш әдістің негіздемесі оның мақсатында жатыр, ол өз кезегінде қамту аумағы және пікірлер кеңістігі туралы түсініктерді беруге негізделеді.

### **Зерттеу құралдары, оның мазмұны және негіздемесі**

Мәліметтерді жинаудың құралы ретінде логикалық тұрғыдан құрылымданған сұрақтар кешені – сауалнама болып табылады. Сауалнаманың сұрақтар жинағына жабық сұрақтар және тұжырымдамалар енгізіледі, олар Қазақстан жастарының мінез-құлық ұстанымдар ерекшеліктерін зерттеу үшін қажет.

Жаппай пікіртерім сауалнамасы социологиялық зерттеудің бағдарламасына сәйкес әзірленді. Сұрақтар жинағы 58 сұрақтан құрастырылды, олар жас қазақстандықтардың басты ұстанымдары мен құндылықтар бағдарларын анықтауға мүмкіндік берді.

Атап айтсақ, зерттеудің бағдарламасы бойынша социологиялық сауалнаманың құрылымы үш бөліктен тұрады: 1) кіріспе, ол жауап берушіге зерттеу туралы қажет ақпараттан, толтыру нұсқауы және т.т. мәселелерді

камтиды; 2) негізгі, зерттелетін проблема бойынша тізбектелген сұрақтардан тұрады. Осы таңдалып алынған жобаның зерттеу міндеттері бойынша бұл бөлік келесі тараулардан тұрады: *өмірді қабылдау және басты өмірлік ұстанымдар, отбасылық құндылықтар, ұлтаралық төзімділік, мәдени-адамдық даму, саяси құндылықтар, тілдік жағдай, салауатты өмір салты*; 3) әлеуметтік-демографиялық, бұл жауап берушінің жынысы, жас мөлшері, білімі, кірісі және т.т. сипаттамалары туралы сұрақтар тізімінен тұрады.

### Зерттеудің технологиялық бөлігі

#### Таңдау жиынтығының көлемі

Таңдау жиынтығының көлемі 2 000 сұраққа жауап берушіні құрайды. Социологиялық зерттеуді жүргізу аймағы – Қазақстан Республикасы. Таңдау келесі сатылардан тұрады: облыстар мен республикалық маңызға ие тұрғындардың санына қарай талдау жасалды. Әрі қарай қала–ауыл бойынша таңдау жүргізілді – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі есептелінді. Қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі облыс ерекшеліктері мен облыс бойынша, шағын қала және аудандық орталық, сондай-ақ ауылдар бойынша статистикалық мәліметтерге сүйеніп есептелінді. Таңдау есебі 1 кестеде берілген.

1 кесте. Жоба бойынша таңдау ерекшелігі, адам

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыны	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>2000</b>	<b>1004</b>	<b>996</b>	<b>1136</b>	<b>567</b>	<b>569</b>	<b>863</b>	<b>441</b>	<b>422</b>
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс-Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Солтүстік Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

\* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Аталмыш зерттеу барысында бақылау бірліктерін таңдау бірнеше сатыдан тұрды: зерттеу барысында көпсатылы стратификацияланған таңдау қолданылды. Атап айтсақ, негізгі страт болып келесілер таңдалды:

1 саты. Облыстар бойынша таңдау – облыстар мен республикалық маңызға ие қалаларда тұратын тұрғындар санына қарай 14-жастан үлкен азаматтар саны анықталды, таңдау көлемі елдің 16 аймағы бойынша –Астана және Алматы қалалары, 14 облыс орталығын қамтыды.

2 саты. Қала-ауыл бойынша таңдау – әр облыста қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі есептелінді.

3 саты. Бастау сәтін анықтау – әр елдімекеннің ішінде кездейсоқ түрде бағыттың сөре нүктесі мен сұраққа жауап берушілер саны белгіленді.

4 саты. Үйлерді анықтау – сөре нүктесінен бастап бағыт бойынша «сол қол» ережесі бойынша жылжып отырып, үйлер таңдалды.

5 саты. Жауап берушілерді квотаға сәйкес таңдау – жекелеген үйде сұраққа жауап берушілер екі тетік бойынша таңдалады: жыныстық, жас ерекшелігіне сәйкес квота – сұраққа жауап берушінің жасы 14 жастан кем емес және 29 жастан аспауы тиіс, сондай-ақ жынысы жағынан репрезентативті таңдау болуы шарт (сұраққа жауап беретін әйелдер мен ерлердің саны әр облыс, қала және село бойынша Статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелініп алынды).

Сондықтан, пікіртерім республикалық маңызға ие Астана және Алматы қалалары, 14 облыс орталығы және 14 ауылдық елдімекенінде жүргізілді.

Таңдау репрезентативті болып табылады, яғни белгіленген параметрлер бойынша жауап берушілердің құрамы бас ерекшелікте (Статистика комитетінің 2015 жылғы арналған мәліметтері бойынша) берілген тиісті тепе-



теңдіктерге жақындатылған. Сонымен бірге орташа деректердің таңдау ерекшелігінің бас ерекшелігінен ауытқуы  $\pm 3,5\%$  аспайды.

### **Социологиялық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу әдістемесі**

Жас қазақстандықтардың рухани-адамдық тәрбиелеу саласындағы құндылықтарын зерделеу бойынша социологиялық зерттеуге кіріспес бұрын социологиялық зерттеудің жоспары құрылды, ол бірнеше бөлікті қамтыды.

#### ***1. Ұйымдастыру бөлігі:***

- зерттеудің негізгі бөлігін дайындау үшін қажет туынды ақпаратпен танысу;
- мақалаларды талдау үшін негізгі индикаторларды анықтау;
- баспа басылымдары, интернет-жарияланымдарымен жұмыс;
- зерттеудің әдістемелік инструментарийін әзірлеу және макеттеу (интервью алу бланкісі);
- зерттеу жобасының зерделеу бөлігінің таңдау ерекшелігін жобалау;
- социологиялық пікіртерімнің хаттарды ресімдеу және тираждау және бағдарлық-адрестік парақтарды әзірлеу, супервайзер мен интервьюерлер нұсқаулығын дайындау сияқты құжаттамасын әзірлеу;
- қажет кеңес берулерді жүргізу;
- жұмыс тобын қалыптастыру;
- супервайзер мен интервьюерлер үшін нұсқаулар беру;
- аймақтық супервайзер мен интервьюерлермен электрондық пошта, факс, телефон, on-line режимінде байланысқа шығу тәртібін бекіту;
- пікіртерім мерзімін, қажет ресурстарды, пікіртерім нәтижелерін өңдеу үшін қажет компьютерлік қамтылу деңгейін анықтау.

#### ***2. Зерттеу жобасының сауалнама жүргізу бөлігін жүргізу***

- жауап берушілерден жаппай сұрау «face-to-face» әдісімен жүргізілді;
- есептік құжаттарды жинау, бақылау, алынған деректерді тексеру;
- сауалнама өткізу бөлігін аяқтаған соң толтырылған сауалнаманың жалпы көлемінен 30% бақылау үшін зерттеуге қатысқан жауап берушілердің телефондары арқылы кеңістікке бақылау жүргізілді.

**3. Алынған ақпарат SPSS статистикалық пакетінің 21 нұсқасы арқылы есептелінді.**

- макетті құрастыру;
- өзара байланыстарды, корреляцияларды есептеу.

#### **4. Нәтижелердің жалпы талдауы**

Эмпирикалық мәліметтерді интерпретациялау кезінде келесі талдау әдістері қолданылды:

- баспа және электронды БАҚ талдау;
- жауап берушілердің жауаптарын түрлері мен санаттары бойынша топтастыру;
- белгілер арасындағы байланыстарды анықтау үшін корреляциялық бөлінулердің қатарын құру;

#### **5. Зерттеудің соңғы бөлігі**

Тапсырыс берушінің талаптары бойынша социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық баяндама әзірленді, ол бекітілген соң электронды және жазбаша түрде тапсырылды. Техникалық сипаттаманың жалпы талаптарына сәйкес баяндама тараулар бойынша құралған, олардың әрбіреуінде: проблема, нәтижелер, қорытындылар, ұсыныстар берілген. Басып шығарылған баяндамаға қосымша ретінде: зерттеу бағдарламасы, құралдары, нұсқаулығы, кестелер, графикалар, «Excel» бағдарламасында бастапқы социологиялық материалдың толық көлемі, түрлі-түсті диаграммалар мен графикалар берілген. Баяндамаға: құралдар, нәтижелер кестелері электронды тасымалдауышта тапсырылды.

## 1. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ӨМІРЛІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

### 1.1. Қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктері

Жас буынның құндылықтар бағдары практика кезінде қалыптасады, яғни әлеуметтік сипатқа ие. Құндылықтар өмірлік ұстанымдар мен қалауларды қалыптастыруға негіз ретінде қажет, сондықтан одан әрі қарай оның өмірлік стратегиясын және басты өмірлік басымдықтарын анықтайды.

Зерттеу барысында жас қазақстандықтардың ең басымды құндылықтары зерттелді. Ол үшін, бірінші кезекте, «бақытты адам» категориясына көңіл бөлінді, демек жас адамдарға «Сіз өзіңізді, мен бақытты адаммын деп айта алар ма едіңіз?» деген сұрақ қойылды.

Социологиялық зерттеудің қорытындысы бойынша жауап беруші жастардың жартысынан көбі өздерін бақытты адам ретінде анықтайды (61,6%), жауап берушілердің үштен бір бөлігі өздерін бақытсыз дегеннен гөрі (33,9%) бақытты адамдар санатына жатқызғандай болды. Жауап берушілердің 1,5% (1,2%+0,3%) жоқ деген жауапты таңдады. Жауап беруші жастардың 3% бұл сұраққа жауап беруге қиналды. Мәліметтер 1 диаграммада ұсынылып отыр.

1 диаграмма. «Жалпы алғанда, Сіз өзіңізді ... деп айта алар ма едіңіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі %



Әйелдердің 66% өздерін «бақыттымын» деген жауап нұсқасын таңдаса, ерлер арасында бұл сұраққа жауаптың үлесі 57% құрайды. Алайда сомасында

«бақытты адам» және «бақытсыз дегеннен гөрі бақыттымын» деген жауаптардың ерлер үлесі (57%+37%) мен әйелдердің (66%+30,8%) үлесі бірдей болып келеді. Жас мөлшері жағынан 19 дан 23 жастағы – 62,2% және 24 тен 29 жастағы – 56,7% құраса, 14 тен 18 жастағылардың арасында «бақытты» үлесі (68,4%) көп болды. Мәліметтер 2 кестеде ұсынылып отыр.

2 кесте. «Жалпы алғанда, Сіз мен ... деп айта алар ма едіңіз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас мөлшеріне қарай, %


Жауап нұсқасы	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 28 жасқа дейін
Бақыттымын	68,4	62,2	56,7
Бақытсыз дегеннен гөрі, бақыттымын	27,9	32,9	38,5
Бақытты дегеннен гөрі, бақытсызбын	1,3	0,6	1,6
бақытсызбын	0,2	0,2	0,6
Жауап беруге қиналамын	2,2	4,1	2,6

Ұлттық ерекшеліктер жағынан қарайтын болсақ, орыс өкілдеріне (52,7%) қарағанда қазақтар (63,9%) мен өзге ұлт өкілдері арасында (61%) өздерін бақытты сезінетін адамдардың үлесі жоғары екені байқалады.

Сенушілік тұлғалар арасындағы қарым-қатынасқа түсудегі ең маңызды категориялардың бірі, ол әрі қарай жас адамдардың мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Жалпы сенушілік әлеуметтік қарым-қатынасты анықтайды, әлеуметтік тепе-теңдіктің сақталуын, интеграцияны және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді деп айтуға болады. Біздің жағдайда жастар ортасында сенушілік деңгейін зерттеу қажеттілігі туындады, ол өз кезегінде біздің қоғамдағы сенушілік мәдениетін қалыптастыру келешегін анықтау үшін қажет. Қазақстандық жастар бүгінгі таңда қаншалықты сене алады?

Алынған мәліметтер жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі «адамдармен қарым-қатынасқа түскенде өте сақ болу керек» – 38,7% деп сыни көзқарасын жасырмады. Жауап берушілердің арасында 30,2% сенімсіздік танытқаннан гөрі, сенуге болады деген пікір айтты. Мәліметтер 2 диаграммада ұсынылып отыр.

2 диаграмма. «Сіз қалай есептейсіз, адамдарға сенуге бола ма?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі,%



Әрі қарай оң жауаптардың («иә, сенуге болады» – 15,2% және «сенбегеннен гөрі, сенуге болады» – 30,2%) үлесі және («сенгеннен гөрі, сенуге болмайды» – 13,9% және «адамдармен қарым-қатынасқа түскенде өте сақ болу керек» – 38,7%) қарсылық білдірген жауаптармен салыстырса, жауап берушілердің жартысынан көбі (52,7%) сенушіліктің төмен деңгейін көрсетуде. Жауап берушілердің 1,5% бұл сұраққа жауап беруге қиналды (2 диаграмма).

Мәліметтерді талдау кезінде әлеуметтік-демографиялық сипаттама адамдардың сенушілік деңгейіне ықпал ететінін көруге болады. Атап айтқанда, орыс өкілдері (10,4%) мен өзге (8,1%) ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтар арасында «сенетіндер» үлесі көп (17,4%).

Тіркелген некеде тұратын жас адамдар үйленбеген/тұрмыс құрмаған (біріншілердің арасында 44,9%, екіншілердің арасында – 45,8%; сенбейтіндер сәйкесінше 53,5% және 52,1%) адамдарға қарағанда айналасындағы адамдарға көбірек сенуге дайын екен. Сенушілікке ресми некелесудің мәртебесі оң көзқарас ықпал етеді, өйткені бірге тұрып жатқан, бірақ некелерін ресми түрде тіркемеген жас адамдар арасында едәуір «сенбейтіндер» (60%) қатары көбірек.

Астана қаласының тұрғындары арасында «сенетіндер» – 7,7% құраса, «сенбейтіндер» қатары едәуір көп – 77,9%. Осындай жағдай Павлодар

(61,3% – «сенбейтіндер» және 8,8% – «сенетіндер»), Атырау (сәйкесінше 54,4% және 19,1%) облыстарында көрініс табуда. Ақмола (30,8%) және Ақтөбе (46,8%) облысының жас тұрғындар арасында «сенетіндер» үлесі көп. Алайда басқа аймақтарда «сенетіндер» үлесі айтарлықтай төмен (7,1% – 19,1%). Сонымен, осыған қарағанда алынған мәліметтер бойынша елдімекеннің түрі жауапқа айтарлықтай әсер етпейтіні анықталды. Осымен ауыл және қала тұрғындары арасында «сенетіндер» мен «сенбейтіндер» үлесі біркелкі.

Әрі қарай жауап берушілерге өмірде ең маңызды құндылықты атап өту ұсынылған болатын. 3 кестеден жауап берушілердің өмірлік құндылықтар иерархиясының *бірінші бестігінде* отбасы – 84%, денсаулық – 61,1% және достық – 23,1%, материалдық тұрғыдан қамтылған өмір – 19,8%, махаббат – 17,3% белгілегендерін көруге болады. Оларды негізгі құндылықтарға жатқызуға болады.

*Екінші бестікке* «қызық жұмыс, кәсіп» – 14,1%, «сауаттылық, білім» – 12,5%, «сенім, дін» – 10,9%, «көңілдің жай табушылығы» – 9,2%, «өзін-өзі жеткізу, өзін-өзі сыйлау» – 8,4% категориялары кіреді.

3 кесте. «Өмірде Сіз үшін ең маңызды құндылық қандай?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
1. Отбасы	84
2. Денсаулық	61,1
3. Достық	23,1
4. Материалды тұрғысынан қамтылған өмір	19,8
5. Махаббат	17,3
6. Қызықты жұмыс, кәсіп	14,1
7. Сауаттылық, білім	12,5
8. Сенім, дін	10,9
9. Көңілдің жай табушылығы	9,2
10. Өзін-өзі жеткізу, өзін-өзі сыйлау	8,4
11. Мансап, қоғамдағы зор дәрежесі	5,6
12. Адамдарға көмектесу	4,2
13. Кез келген ляззатқа қол жеткізу, демалу	3,9
14. Билік	3,8
15. Қоғамдық тану, танымалдылық, репутация	1,6
16. Шығармашылық	1,2
Басқа	0,4
Жауап беруге қиналамын	0,2

Зерттеу барысында біз «отбасы», «денсаулық», «қызықты жұмыс, кәсіп», «материалдық тұрғыдан қамтылған өмір» сияқты категориялардың құндылығы біздің жауап берушілер арасында жас мөлшеріне қарай арта түскеніне назар аудардық: мысалы, отбасын маңызды өмірлік құндылық ретінде 14-18 жасқа дейінгі жауап берушілердің 82 % құраса, 19-23 жасқа дейінгі - 83,9%, 24-29 жастағы 85,4% құрап отыр. Осындай қорытынды жасау дәлелденген деп түсінуге болады, өйткені адам есейген сайын, оның әрекеттері де, ойлаған ойлары да саналы түрде болатындығы түсінікті. Мәліметтер 4 кестеде берілген.

4 кесте. «Өмірдегі ең маңызды құндылық қандай?» деген сұраққа берілген мәліметтердің бөлінуі, жас мөлшері және гендерлік топтар тұрғысынан, %

Жауап нұсқасы	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін	Ерлер	Әйелдер
Сенім, дін	11	11,3	10,6	11,8	10,1
<b>Отбасы</b>	82	83,9	85,4	80	87,9
Кез келген ляззатқа қол жеткізу, демалу	4,8	4,5	3	4,7	3,3
Билік	3,3	4,8	3,3	5	2,7
Достық	33,5	22,5	16,9	25,8	20,5
Көңілдің жай табушылығы	8,2	8,5	10,4	8,1	10,2
<b>Денсаулық</b>	55,8	60,1	65,3	56,4	65,7
Сауаттылық, білім	18,8	13,7	7,5	11,8	13,2
<b>Қызықты жұмыс, кәсіп</b>	9,9	14,2	16,9	18	10,4
Махаббат	17,5	18,5	16,3	14,6	19,9
Материалды тұрғысынан қамтылған өмір	16,2	18,8	23	21	18,7
Қоғамдық тану, танымалдылық, репутация	1,1	2,4	1,4	2,5	0,8
Адамдарға көмек көрсету	3,3	3,7	5,3	4,5	4
Өзін-өзі жеткізу, өзін-өзі сыйлау	9,1	8,1	8,1	9	7,8
Мансап, қоғамдағы жоғары дәреже	6,3	5,4	5,3	6,2	5
Шығармашылық	1,7	1	1,1	1,3	1,1
Басқа	0,4	0,2	0,6	0,5	0,3
Жауап беруге қиналамын	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2

4 кестеде көрсетілгендей, осыған ұқсас тенденция денсаулыққа деген көзқараста көруге болады. Мүмкін, бұл кіші жас тобының өкілдері үшін денсаулық баяғыдан бар нәрсе – номиналды құндылық ретіндегі категорияның болуымен түсіндірілуі мүмкін, ол бар, және ол құнды, бұл ретте жасы үлкен жастар бұл категорияға инструменталистік көзқарас танытып – денсаулық басқа мақсаттарға қол жеткізетін құнды құрал ретінде қарастырады екен. Бұл жағдайда денсаулықтың құндылығы өмірде жетістіктерге, дәулетке және өмірдің түрлі салаларында жалпы әл-ауқатқа қол жеткізу үшін қарапайым қажеттілік болуымен түсіндірілетін болу керек. Жауап беруші қазақтардың 62,2% денсаулықтың маңыздылығын алға қояды, орыстар арасында бұл көрсеткіш – 58% және өзге ұлттар арасында – 59%. Сонымен қатар, гендерлік тұрғысынан айырмашылықтар байқалуда, ерлерге (56,4%) қарағанда әйелдер (65,7%) денсаулыққа көп көңіл аударады. Мәліметтер 4 кестеде көрініс табуда.


Мәліметтерге жасалған талдау көрсеткендей, қазақстандық жастар үшін достық пен махаббат ең маңызды құндылықтар болып табылады. Алайда біріншінің маңыздылығы адам есейген сайын азаятынын көрсетеді: 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастағы жас адамдардың 33,5% осы категорияны таңдаса, 19 жастан 23 жасқа дейінгі жастағылар - 22,5%, ал 24 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы жауап берушілер арасында жауаптар үлесі 16,9% құрады.

Бұл мәліметтер келесі сұраққа берілген жауаптармен дәлелденеді: «Айтыңызшы, Сіз үшін қаншалықты достар, таныстар маңызды?». Алынған мәліметтер жауап берушілердің жартысынан көбі үшін (55,9%) достар мен таныстар олардың өмірлерінде маңызды құрамы болып табылатынын көрсетеді Мәліметтер 3 диаграммада көрініс табуда.

Егер бұл сұрақты жас ерекшеліктері тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл құндылық категориясының «төмендеуін» байқауға болады, атап айтсақ 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастағы жауап берушілер 58,2%, 19 жастан 23 жасқа дейінгі жастағы - 57,4% және 24 жастан 29 жасқа дейінгі - 53,2% көрсетіп отыр. Бұл мәліметтер қарсылықтық емес, алайда жас адамдардың жасы ұлғайған сайын, бірінші орынға отбасы және жұмыс сияқты құндылықтар шығатынын көруге болады .



3 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз үшін қаншалықты достар, таныстар маңызды?»  
деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі, %



Әрі қарай жауап берушілер «материалды тұрғысынан қамтылған өмір» сияқты құндылығы таңдайды (19,8%) және «қызық жұмыс, кәсіп» (14,1%). Осы инструменталды құндылықтар әйелдерге қарағанда жиі ерлер арасында көрініс табуда: материалды тұрғысынан қамтылған өмір жауап беруші ерлердің 18% құндылығы болып табылады, әйелдер арасында бұл үлес 10,4% құрайды. Сондай-ақ қызық жұмыс, кәсіп ерлердің 21% және әйелдердің 18,7% маңызды. Толықтай жауаптар үлесі 3, 4 кестелерде көрініс табуда.

Сонымен қатар, жауап берушінің жас мөлшері өмірлік құндылықтарына әсер етеді. 24 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы жауап берушілер арасында «материалды тұрғысынан қамтылған өмір» және «қызық жұмыс, кәсіп» сәйкесінше 23% және 16,9% құрап отыр, ал 19 жастан 23 жасқа дейінгі жастағылар арасында бұл көрсеткіш сәйкесінше 18,8% және 14,2%, 14 жастан 18 жасқа дейінгі - 16,2% және 9,9% тең. Материалды тұрғысынан қамтылған өмір құндылығын жиі жұмыс істейтін жастар арасында (22,6%), некеде тұрған жауап берушілер арасында (24,3%) және көбіне орыс ұлты өкілдері арасында (25,3%) белгіленетінін байқауға болады.

Соңғы орында перифериялық құндылықтар деп аталатындары орнықты «қоғамдағы жоғары дәреже», «кез келген ляззатқа қол жеткізу, демалу», «адамдарға көмектесу», «билік» және басқалар. Мәліметтер 3 кестеде көрсетілген.

## 1.2. Жастар ұрпағы арасында еңбек құндылығы

Жауап берушілерге еңбектің адам өміріндегі рөлін анықтау ұсынылған болатын. Жауап берушілердің 56,5% «еңбек адамның өмірлік тұтынымы болып табылады, тұлғаның дамуына әсер етеді», 29,5% – «еңбек материалдық қамтамасыз ету құралы ретінде қажет» және тағы бір оннан бір бөлігі «еңбек көп жағдайда жетістікке жетуге әсер етпейді, өмірде ең бастысы жолыңның болғаны, жақсы туыстық қарым-қатынас және достық байланыс» (10,4%). Мәліметтер 4 диаграммада көрсетілген.

**4 диаграмма. «Адамның өмірінде еңбек қаншалықты рөл атқарады?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %.**



Қалалық жауап берушілердің 54,9% еңбек тұтынушылық және адамның дамуына ықпал етеді деп жауап берді, ал ауыл тұрғындары арасында бұл көрсеткіш жоғары (58,5%). Қалалық жауап берушілердің үштен бір бөлігіне жуығы еңбек алдымен материалдық қамтамасыз ету құралы десе, ал ауылдық – 26%. Еңбек көп жағдайда жетістіктерге ықпал етпейді, әлеуметтік байланыстың болғаны маңызды деп санайтын жауап берушілердің үлесі 1/10 қалалық және ауылдық елді мекендерде жауап беруге қатысқандарға тиіселі (5 кесте).

5 кесте. «Адамның өмірінде еңбек қаншалықты рөл атқарады?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, елдімекендер тұрғысынан алғанда, %

Жауап нұсқасы	Қалалық	Ауылдық
Еңбек тұтыным, адамның дамуына ықпал етеді	54,9	58,5
Еңбек материалдық қамтамасыз ету құралы	32,3	26
Еңбек көп жағдайда жетістіктерге ықпал етпейді, жақсы туыстық және достық байланыс	10,2	10,6
Басқа	0	0,5
Жауап беруге қиналамын	2,6	4,4

Әрі қарай егер бұл мәселені жас ерекшеліктері тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда адам есейген сайын еңбек пен материалдық қамтушылық өзара байланысқан ұғым екенін соншалықты көбірек түсіне бастайтынын байқауға болады. Атап айтсақ, 14 жастан 18 жасқа дейінгі жас жауап берушілердің 27,3% «еңбек материалдық қамтушылық құрал ретінде қажет» жауап нұсқасын таңдаса, 19 жастан 23 жасқа дейінгілер – 29% , 24 жастан 29 жасқа дейінгілер – 31,3% (6 кесте) таңдайды. Осындай пікір әйелдерге қарағанда (27,2%) жиі ерлер арасында (31,9%) қалыптасқан.

6 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, адамның өмірінде еңбек қаншалықты рөл атқарады?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, жас мөлшері жағынан, %

Жауап нұсқасы	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін
Еңбек адамның тұтынымы болып табылады, адамның дамуына ықпал етеді	57,8	58,5	54,1
Еңбек материалдық қамтамасыз ету құралы болғандықтан қажет	27,3	29	31,3
Еңбек көп жағдайда жетістіктерге ықпал етпейді, жақсы туыстық және достық байланыс	11,2	8,8	11,1
Басқа	0,2	0,2	0,2
Жауап беруге қиналамын	3,5	3,5	3,2

Бұл жерде заманауи қазақстандық жастар арасында еңбек пен жетістікке қол жеткізудің өзара байланысының бар екені жайлы түсінушілік бар деп айтуға болады, алайда алдымен, жас адамдардың пікірі бойынша еңбек – бұл

өзінің дамуына және тұлғаның мүдделерін жүзеге асыруға ықпал ететін қоғамдық тұтынушылық.

Зерттеу барысында белгілі болғандай, заманауи қазақстандық жастар, алдымен, «материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілгенін қалайды» – 55,2%. Бірақ, аталмыш категория «мінсіз өмір» туралы түсінікпен шектелмейді, жауап берушілер үшін «жақсы отбасы» (48,3%), әрі қарай «кәсіпқой болу» (27,5%) маңыздылығы жоғары болып қала бермек. Сонымен қатар, алынған мәліметтер көрсетіп отырғандай, жауап берушілер үшін «жақсы азамат» (21,9%) және «адал принципіалды адам болу» (17,4%) аса маңызды. Мәліметтер 5 диаграммада көрсетілген.

**5 диаграмма. «Өмірде Сіз кім болғыңыз келеді?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %.**



Сондықтан, жоғарыда көрсетілгендер қазақстандық жастардың бүгінгі доминантты өмірлік және мінез-құлық басымдықтарын қалыптастырады. Келесі мәселе де едәуір маңызды. Жас адамдар үшін материалдық ауқаттылық өздерінің жақсы отбасын құру және жетістікті мансапқа қол жеткізу сияқты маңызды мақсаттарының бірі ретінде олардың тартымдылығы аз емес. Бұл ретте отбасы жас адамдар үшін туыстарымен болатын эмоционалды байланысты қамтамасыз етуден басқа жастарға материалдық тұрақтылықты және ауақаттылықты сезінуге мүмкіндік береді.

Кәсіпқойлық қасиеттерді жастар өзінің материалдық күтулерін қол жеткізу үшін шынайы инструмент ретінде бағалайды. Материалдық

ауқаттылық және кәсіпқойлық біртұтас ұғым ретінде қарастырылады. Бұл түсінік зерттеудің осыған дейінгі сұрақтарымен де дәлелденіп отыр.

### 1.3. Денсаулық және салауатты өмір салты құндылығы

Осыған дейінгі сұрақтар жастар үшін денсаулықтың айтарлықтай құндылығын көрсетті. Зерттеу барысында әрі қарай жастардың салауатты өмір салтына деген көзқарасы анықталды.

Атап айтсақ жастарға «*Айтыңызшы, Сіз дұрыс тамақтану режимін сақтаймыз ба?*» деген сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жас адамдардың көпшілігі оң жауап берді, атап айтсақ 23% дұрыс тамақтану режимін сақтаймыз деп жауап берді, 40,6% жиі сақтаймыз деді, бірақ кей кездері сақтау мүмкін болмайды деді және тағы 14% сирек сақтайтын болып шықты.

Жауап берушілердің оннан бір бөлігі тамақтануға ешқашан көңіл аудармаймыз деп жауап берді. Қалған 0,6% жауап беруге қиналды (6 диаграмма).

6 диаграмма. «*Айтыңызшы, Сіз дұрыс тамақтану тәртібін сақтайсыз ба?*» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %




Негізінен жас адамдар спорттық залдарға бармайды, осылай жауап берушілердің 32,1% жауап берді. Жиі бұл 24 тен 29 жасқа дейінгі жастар – 37,6%, бұл ретте 14 тен 18 жасқа дейінгілердің үлесі 22,% және 33,3% – 19 дан 23 жасқа дейінгі жастардың үлесінде (7 диаграмма).

Жауап берушілердің 16,6% аптасына бірнеше рет спортзалдарына барады, айына үш-төрт рет барады – 13,3%, айына бір рет – 15,2% және 15,6% – спортзал, алаңдар мен бассейндерге жылына бір реттен аз барады.

Жастардың спорттық өмірге араласуы ауылға қарағанда қалада едәуір жоғары. Бұл әрине спорттық инфрақұрылымның ауылдық жерлерде дамымай отыруымен байланысты.

7 диаграмма. «Сіз қаншалықты жиі спорттық зал, алаң, бассейн және т.т. барасыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %




Пікіртерім барысында жас адамдардың көпшілігі шылым шекпейтіндігі анықталды – 82,9%. Бұл, әлбетте, заманауи жастар арасындағы оң көрсеткіш болып табылады және тағы бір мәрте жас буын үшін денсаулықтың маңыздылығын дәлелдейді.

«Айтыңызшы, Сіз шылым шегесіз бе?» деген сұраққа жауап берушілердің 15,7% оң жауап берді. Жас ерекшеліктері жағынан жиі 24 тен 29 жасқа дейінгі жастар – 23,6% шылым шегетіні анықталды.


Жауап берушілердің қалған 1,3% жауап беруден бас тартты (8 диаграмма).

8 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз шылым шегесіз бе?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Шылым шегетін жастар арасында, негізгісі тұрақты түрде шылым шегеді – 75,6%, 16,5% – аптасына бірнеше рет, 4,8% – айына бірнеше рет. Мәліметтер 9 диаграммада көрсетілген.

9 диаграмма. «Егер Сіз шылым шексеңіз, онда қаншалықты жиі шылым шегесіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Сондықтан зерттеудің осы бөлігінде жастар үшін ең басымды құндылықтар қарастырылды. Заманауи жас адам өзінің денсаулығын сақтауға тырысады, себебі нақты денсаулық маңызды әлеуметтік-кәсіптік ресурс болып табылады, сондай-ақ махаббатқа және бақытты отбасылық

өмірге талпынады. Еңбектің рөлін жас буын өз-өзін жүзеге асыру, материалдық ауқаттылық және тәуелсіздік құралы ретінде қарастырады. Ол үшін ауқатты материалдық жағдай, қызықты жұмыс, жақсы және сенімді достар да маңызды болып табылады.




## 2. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

### 2.1. «Мінсіз отбасы» және оның сипаттамасы

Әлеуметтік институт іспеттес жұбайлар, ата-аналар, балалар мен басқа туыстар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін отбасы мінез-құлық үлгілерінің жиынтығымен сипатталады. Сондықтан отбасылық құндылықтарды зерттеу барысында отбасындағы рөлдік қарым-қатынас, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың сипаты, отбасында міндеттерді бөлісу, отбасының қызметі мен құрылымы, отбасының және некенің қалайтын түрлері сияқты басты аспектілерге назар аударған маңызды.

Алынған мәліметтер көрсеткендей, жастар өмірінде негізгі құндылық ретінде отбасы деп есептейтіндер үлесі – 90,2%. Мәліметтер 10 диаграммада көрсетілген.

10 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз үшін қаншалықты отбасы маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Сонымен қатар, отбасының құндылығы жас ерекшеліктерге байланысты өсу тенденциясы байқалады: 14-18 жастағы жауап берушілердің 87,4 % отбасын маңызды өмірлік құндылық ретінде белгіледі, 19-23 жастағылар – 90%, 24-29 жастағылар – 92,2%. Жауап беруші жастардың әлеуметтік дәрежесі де олардың өмірлік құндылықтарға деген көзқарасына ықпал етеді: жұмыс істейтін жастардың 91,4 % отбасын маңызды құндылық ретінде белгілейді, оқитын және оқып жүріп жұмыс істейтіндердің 87,9 %, тек

оқушылардың – 87,8 %. Жауап берушілердің тек 0,4% («маңызды емес шығар»-0,3% және «маңызды емес»-0,1%) ғана теріс жауап берді.

Мәліметтер көрсеткендей, жауап берушілердің 69,2% мінсіз отбасы деп, алдымен, толық отбасын атап өтуде (7 кесте). Жас ерекшеліктері жағынан осындай жауап 14-18 жастағы жауап берушілер арасында – 71,9% және 19 - 23 жастағылар – 70,3%, ал 24 - 29 жастағылар тобында – 66%. Көбіне бұл ауылдық жастар үшін маңызды – 72,1%.

Екінші орынға жауап берушілер жұбайлық адалдықты таңдады, яғни жас адамдар үшін отбасында ерлі-зайыптылар бір-біріне адал болу керек деп есептейді – 40,3%. Бұл ретте қалалық тұрғындар осындай көзқарасты ұстанады – 42,7%, ауылдық – 37,2%. Отбасы жағдайына қарай бұл тіркелген некеде тұрып жатқандар үшін маңызды – 42,3%.

Үйде күйеуі отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне, жұбайы – үйдегі тәртіпке және ауқаттылыққа жауап беретін отбасындағы міндеттерді бөлісуді жауап берушілердің 38,2% белгіледі. Осындай рөлдердің бөлісуіне өзге ұлт өкілдері арасында жиі орын алады – 44,8%, 38,5% қазақтардың және 33,2% орыстардың отбасыларында. Осындай жауап түрін қалалық тұрғындар арасында таңдалды – 36,6%, ауылдық тұрғындар арасында – 36,3%. Сондай-ақ, жауап берушінің жас ұлғайған сайын, соншалықты жиі ол отбасындағы еңбекті және рөлді дәстүрлі бөлісу туралы пікірді қолдайды. Осылайша бұл 24 - 29 жастағы жастардың 41,1%, 18 - 23 жастағы - 38,3% , 14 - 18 жастағы - 33,5% пікірлері.

**7 кесте. «Мінсіз отбасы» – бұл алдымен не?»  
деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
1. Толық отбасы, яғни ата-ананың екеуінің болуы	69,2
2. Отбасы, онда ерлі-зайыптылар бір-біріне адал	40,3
3. Үйде күйеуі отбасының материалдық қамтамасыз етілуіне, жұбайы – үйдегі тәртіпке және ауқаттылыққа жауап беретін отбасы	38,2
4. Үлкендерге сыйластықпен қарайтын отбасы	33,2
5. Өмірді бірге өткізгісі келетін отбасы (отбасын сақтау)	26,2
6. Ерлі-зайыптылар ресми түрде тіркелген некеде тұрған отбасы	18,9
7. Ерлі-зайыптылардың құқықтары тең, бір-біріне тәуелді емес отбасы	10
8. Аталар мен әжелер немерелері және балаларымен бірге тұратын отбасы	7,7
9. Көпбалалы отбасы	9,9
10. Бір және екі баласы бар отбасы	2,4
Басқа	0,1
Жауап беруге қиналамын	0,3

Әрі қарай жастар үшін отбасында сыйластық маңызды, атап айтсақ сөз үлкендерге деген сыйластық туралы – 33,2%, 26,2% отбасын сақтау және өмір бойы бірге болу деп жауап берді, бестен бір бөлігіне жуығы тіркелген некені таңдады (18,9%). Мәліметтер 7 кестеде көрсетілген.

Жауап берушілердің тек оннан бір бөлігі ғана ерлі-зайыптылардың құқықтары тең, бір-біріне тәуелді емес отбасын таңдады – 10%. Сөз эгалитарлық отбасы түрі туралы, ол рөлдерді тең бөлісу, дәрежелердің, ерлі-зайыптылардың кәсіптік және зияткерлік өсу мүмкіндігінің теңдігіне негізделеді. Біз осындай отбасы түрінің өмірдің түрлі салаларында патриархалды принциптер басымдыққа ие болғанына қарамастан қазіргі уақытта кең таралған түрі болып табылатынына көз жеткіздік. Жалпы алғанда сауалнама нәтижелері көрсеткендей ерлер де, әйелдер де «мінсіз отбасы» туралы түсініктері бірдей екенін аңғартады.

Мінсіз отбасының негізгі сипаттамалары жауап берушілердің пікірінше келесідей. Мінсіз отбасы – бұл өзара түсіністік пен сыйластық бар отбасы (71,5%), барлық отбасы мүшелерінің денсаулығы маңызды (66%), қаржылық ауқаттылық (42,1%), өзара махаббат пен қайырымдалық (41%), төзімділік (15,3%) және соңғы орында тәуелсіздік и отбасы мүшелерінің құқықтары тепе-тең (9%). Мәліметтер 10 диаграммада көрсетілген. Әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан алғанда едәуір айырмашылықтар анықталмады.


**10 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, мінсіз отбасының сипаттамасы қандай?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



## 2.2. Жас қазақстандық отбасыларында міндеттерді бөлісудің құрылымы

Мәліметтер көрсеткендей, жауап берушілер отбасының патриархалды түріне артықшылықты береді – 60,5%, тек 2,3% отбасында «басты» рөлді отбасында ана атқаруы тиіс деді. Жауап берушілердің 36,9% (27%+9,9%) эгалитарлық/демократиялық отбасы түрін таңдады, онда ата-аналар да, балалар да тең дәрежелер мен рөлдік қызметті атқарады. Жауап берушілердің 0,2% осы сұраққа жауап беруге қиналды (11 диаграмма).

11 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, отбасында кім «басты» рөлді атқаруы тиіс?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Ауылдық жерлерде отбасының жиі патриархалды түрін таңдайды – 64,5%, қалада бұл көрсеткіш 57,4% құрайды. Мәліметтер 8 кестеде көрсетілген.


8 кесте. «Отбасында кім «басты» рөлді атқаруы тиіс?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, елдімекен түрі және гендер тұрғысынан, %

	қала	ауыл	Ерлер	Әйелдер
Әке	57,4	64,5	64,6	56,6
Шеше	2,8	1,7	1,9	2,8
Әке мен шешенің құқықтары тең болуы тиіс	27,8	26	24	29,9
Балаларды қоса, отбасының барлық мүшелерінің құқықтары тең болуы тиіс	11,7	7,7	9,2	10,6
Жауап беруге қиналамын	0,3	0,1	0,2	0,2

Отбасындағы міндеттерді бөлісу мәселесі – жас отбасылары кезігетін негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Отбасының дәстүрлі түрінде ер адам – отбасын толығымен қамтитын адам, ал әйел – үйдегі тәртіптің және барлық отбасы мүшелерінің тоқ болуын қадағалайтын ошақ иесі. Осындай отбасы түрі біздің қоғамда сақталып келе ме? Немесе міндеттердің қайта бөлісуі жүргізілді ме, және дәстүрлі өмір тәртібі заманауи өмірге қарама-қайшы ма, өйткені әйелдер бүгін ерлермен қатар жұмыс істеп келеді.

Балаларды тәрбиелеу және оларға қамқор болу ерлі-зайыптылардың екеуінің де міндеті болып табылады – осылай жауап берушілердің 80,9% белгілейді, қалған 13,1% және 5,2% сәйкесінше бұл тек әйелдердің ғана және ерлердің ғана міндеті деп санайтындар. Жауап берушілердің көпшілігі (52,2%), үйдегі жұмысты әйел адам атқаруы тиіс деп есептейді, 45,5% ерлі-зайыптылар бұл істі бірігіп атқаруы тиіс десе, тек 1,2% – ерлер жасау керек. Жауап берушілердің жартысына жуығының пікірі бойынша (49,6%) отбасында ақшаны тек ерлер табуы керек дейді, екінші жартысы бұл ерлі-зайыптылардың екеуінің де міндеті деп санайды, тек 0,8% бұл міндетті тек әйелге ғана жүктеп отыр (12 диаграмма).

**12 диаграмма. «Сіздің пікіріңізше, некеде ерлі-зайыптылар қандай рөлдерді атқарулары тиіс?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



Алынған мәліметтер бойынша, қазақстандық жас отбасыларында міндеттерді бөлу құрылымын дәстүрлі немесе эгалитарлық модельге жатқызу қиын. Ол бір микс (mixed - араласқан) іспеттес құбылыс осы түрлердің араласуы. Мүмкін, егер мәліметтерге сүйенетін болсақ, құндылықты-

нормативті деңгейде бұл құбылыстың екінші модель жағына қарай ауытқуы байқалатын сияқты. Бірақ практикада үй шаруасын жүргізу және балаларды тәрбиелеу әйелге жүктеліп отырғанын атап өткен маңызды, осыған қарамастан әйел ерлермен қатар еңбек нарығында қызмет етуде.

### 2.3. Жастар ортасында некелесудің артықшылықты түрлері

Зерттеу барысында жас адамдарға: «Сіз қалай есептейсіз, некені міндетті түрде тіркеу керек пе?» деген сұрақ қойылды. Алынған мәліметтер келесіні көрсетіп отыр, жауап берушілердің көпшілігі некені міндетті түрде АХАЖ-да тіркеу керек деген пікірді ұстанады – 79% (13 0). Осындай пікірді көбіне қазақтар ұстанады – 82,1%, 75,2% - өзге ұлт өкілдері арасында және 69% – орыстар.

13 диаграмма. «Сіз қалай есептейсіз, некені міндетті түрде тіркеу керек пе?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



12,4% тіркеу міндетті емес деп жауап беріп отыр. Осындай жауапты көбіне заңды түрде тіркелмеген некеде тұрып жатқан жас отбасылар есептейді – 32,5%, үйленбеген/тұрмыс құрмағандар арасында осындай жауап үлесін – 12,9% тең және 9,7% үйленгендер/тұрмыс құрғандар. Ұлттық ерекшеліктер жағынан жиі орыстар – 25%, тек 8,8% ғана қазақтар, ауылдық тұрғындарға қарағанда – 10%, қалада көбірек осылай есептейді – 13,6%. Жауап берушілердің 6,1% тек діни рәсімді өткізу жеткілікті болып саналады. Жауап берушілердің 2,3% бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Некеге тұрудың ең басты себептерінің бірі ретінде жас адамдар сүйікті адамымен бірге болу себебін атайды – 72,2%. Мәліметтер 9 кестеде көрсетілген.

Осындай пікірді жиі әйелдер ұстанады – 74,6%. Ал ата-аналардың кеңесі және туыстарының талабы ерлер арасында некеге тұрудың себебі болып белгіленуде – 11,2%.

**9 кесте. «Қандай себеп Сіз үшін некеге тұру үшін ең басты себеп болуы мүмкін?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Сүйген адаммен бірге болуды қалау	72,2
Ата-аналар мен туыстардың кеңесі және ұсынысы	9,7
Балалы болуды қалау	9,5
Барлығы некеге тұрып жатыр, осылай барлығы қалайды	3,3
Жалғыздықтан қорқу, жалғыз қалуды қаламау	2,2
Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін	1
Қызығушылық, бір-бірін таң қалдыру	0,1
Жауап беруге қиналамын	1,9

Мәліметтерге сүйенетін болсақ, біздің жастар үшін некеге тұрудың себебі ретінде бір-бірін таң қалдыру үшін қарапайым қызығушылықтан туындауы мүмкін емес екенін айтуға болады. Сондай-ақ, некеге тұру жас жауап берушілер үшін қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, жалғыздықтан қорқу себептері ретінде белгіленбеген.

Жауап берген жас адамдар мықты отбасының барлық жағдайлардың маңыздылығын жоғары бағалап отыр. Мәліметтер 10 кестеде көрсетілген.

Мәліметтер көрсетіп отырғандай, жауап берушілердің көбі ерлі-зайып арасындағы сенімділікті (81,5%) және балаларды бірігіп тәрбиелеуді жоғары бағалауда (81,4%). Біріншісі өзге ұлт өкілдері арасында маңызды – 84,3%, қазақтар арасында – 82,9% және орыстар арасында – 74,2%. Көбіне әйелдер үшін балаларды бірігіп тәрбиелеу маңызды – 83,8% қарсы 78,9%. Жоғарыда аталған жағдайлар жиі ресми түрде тіркелген некеде тұрып жатқан жас адамдар үшін маңызды.

10 кесте. «Мықты отбасы болу үшін маңызды ұсынылып отырған талаптардың әрбіреуін 1 ден 5-ке дейін шкала бойынша бағалаңыз» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Мүлдем маңызды емес	2	3	4	Өте маңызды	Жауап беруге қиналамын
Өзара сыйластық	0,5	0,9	3,9	14,3	<b>79,7</b>	0,6
Өзара төзімділік және түсіністік	0,6	0,6	4,7	19,9	<b>73,4</b>	0,7
Жұбайлардың берген сөздеріне берік болуы	0,7	0,6	2,4	13,9	<b>81,5</b>	0,9
Жұбайлардың проблемаларды бірігіп шешуге дайын болуы	0,9	0,5	7,6	22,5	67,6	0,9
Балалар және оларды бірлесіп тәрбиелеу	0,8	0,5	2,1	14	<b>81,4</b>	1,1
Жақсы үймен қамтамасыз ету	1	0,7	4,8	24	68,1	1,3
Отбасының кірісі зор (еңбекақы және т.т.)	1,4	1,5	9,5	24	62,6	0,8
Үйдегі міндеттердің тең бөлісуі	4,1	5,2	17	22,9	49,5	1,1
Ортақ қызығушылықтардың болуы	2,8	4,2	13,4	23,1	55,3	1
Көп уақытты бірге өткізу мүмкіндігі	1,1	1,8	9,4	24,5	62,0	1,1

Жалпы мәліметтер бойынша, жауап берушілердің жартысынан көбі жоғарыда ұсынылған отбасы және некеге тұрудың талаптарын жоғары бағалап отыр.


Жауап берушілердің 49,4% үшін күйеу жолдасының немесе жұбайының ұлты маңызды емес, және керісінше қатысушылардың 44,5% серіктесінің ұлтына жіті назар аударады (14 диаграмма).

Бірінші пікірді жиі орыс ұлты өкілдері арасында ұстанады – 67,2%, 52,9% – өзге ұлт өкілдері арасында, 44,% – қазақтар арасында. Серіктесінің/жұбайының ұлты көбіне ауылда тұратын жастар үшін маңызды емес (52,2%), қалада тұратын жастардың үлесімен салыстырғанда (47,2%). Жас ерекшеліктері жағынан салыстырма жасайтын болсақ, 14-18 жастағылар жиі ұлттық ерекшеліктерге мән бермейді екен. Сондай-ақ, азаматтық некеде тұрып жатқан немесе ажырасып кеткендер арасында да осы жауапты таңдаған болып шықты.



Ұлттық ерекшелікке көбіне қаланың жастары көңіл аударады екен (48,8%) ресми түрде тіркелген некеде тұрып жатқан (50,3%) жастары 19 бен 23 жас аралығындағы (48%) қазақтар (50,6%). Жауап берушілердің 4% жауап беруге қиналды.

14 диаграмма. «Сіз күйеу жолдасыңызды/ жұбайыңызды таңдаған кезде оның ұлтына қаншалықты мән бересіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Жауап берушілердің 42,4% өздерінің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасына қарамастан, ұлтаралық отбасыларына өздерінің селқос көзқарастарын білдірді.

Жауап берушілердің 35,7% (16,7%+19%) осындай некелерді оң бағалайды, «оң, себебі ұлтаралық некелер Қазақстанның халқын одан сайын біріктіреді» және «оң деп ойлаймын, өйткені ұлттық ерекшелік күйеуді/зайыбын таңдаған кезде маңызды емес».

Жас жауап берушілердің 18% (11,7%+6,3%) ұлтаралық некелерге бұрыс көзқараспен қарайды, «теріс деп ойлаймын, ұлтаралық некелер проблемалық болып саналады» және «теріс, ұлтаралық некелер ажырасуға апарады».

3,8% «жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасын таңдады (11 кесте).

11 кесте. «Сіз ұлтаралық некеге қалай қарайсыз?» деген сұраққа  
мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Оң көзқарас, ұлтаралық некелер Қазақстан халқын одан сайын біріктіреді	16,7
Оң көзқарас шығар, өйткені жұбайларды таңдаған кезде олардың ұлтына ешкім қарамайды	19
Селқос көзқарас, әр адам өзіне жұбайын таңдауға еріктілік құқығына ие	42,4
Теріс көзқарас шығар, ұлтаралық некелер проблемалық болып табылады	11,7
Теріс, ұлтаралық некелер ажырасуға апарады	6,3
Жауап беруге қиналамын	3,8

Төмен кестеде көрсетілгендей, жас қазақстандықтардың пікірі бойынша, баланың бойында, алдымен еңбекқорлықты тәрбиелеу керек – 64,7%, жауапкершілік сезімін – 47,1%, тәуелсіздік, дербестік – 34,7%. Мәліметтер 12 кестеде көрсетілген.

Әрі қарай *екінші үштікке (20-30% бастан)* Отанға деген махаббат – 28,3%, басқа адамдарға деген төзімділік және сыйластық – 26,6%, табандылық, қажырлылық – 21,5%.

*Үшінші үштікке 10 бастан 20% дейін* – өз ұлтының дәстүрі мен салтын сыйлау (16,%), тіл алушылық (12,4%), ұқыптылық (ақша мен заттарға ұқыпты қарау) (11,6%).

*Соңғы орында 10% аз* – риясыздық (8%) және діндарлық (4,1%).

12 кесте. «Сіздің пікіріңізше, баланың бойында қандай қасиеттерді тәрбиелеген маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
1. Еңбекқорлық	64,7
2. Жауапкершілік сезімі	47,1
3. Тәуелсіздік, дербестік	34,7
4. Отанға деген махаббат	28,3
5. Төзімділік және басқа адамдарды сыйлау	26,6
6. Табандылық, қажырлылық	21,5
7. Өз ұлтының (ұлттық) дәстүрі мен салтын сыйлау	16,2
8. Тіл алу	12,4
9. Ұқыптылық (ақша мен заттарға ұқыпты қарау)	11,6
10. Риясыздық	8
11. Діндарлық	4,1
Жауап беруге қиналамын	0,7
Басқа	0,2

Осы тарауды қорытындылай келе, заманауи қазақстандық отбасы өзінің құрылымы мен ішкі отбасылық қарым-қатынас жағынан айтарлықтай біркелкі екенін атап өту қажет. Мінсіз отбасы туралы өздерінің көзқарасын елестеткен кезде жас қазақстандықтар жиі дәстүрлі және консервативті көзқарасты таңдайды екен – толық отбасы (екі ерлі-зайыптының болуы), аға буын өкілдеріне құрметпен қарау, тіркелген некеде болу.

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарында өзара сыйластық және төзімділік, махаббат пен қамқорлық, адалдық, өмір бойына бір некеде болу маңызды. Жас қазақстандықтар жиі ресми тіркелген некеде тұрғанды және нуклеарлық отбасын құруды көздейді. Сондай-ақ жастар үшін отбасының қаржылық ауқаттылығы маңызды екен. Отбасылық міндеттерді бөлісуде патриархалды принцип сақталуда. Балалардың болуы және оларды бірігіп тәрбиелеу – отбасылық өмірінің маңызды бөлігі. Көбіне жас адамдар ұлтаралық некелерге селқостықпен қарайды.

### 3. ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МӘДЕНИ-САУЫҚ СҰРАНЫМДАРЫ

#### 3.1. Заманауи жастардың мәдени өмірге араласуы және бос уақыттың құндылығы

Қазіргі қоғам дамуының жағдайында адам үшін бос уақыт нақты құндылық болып табылады, өйткені бұл уақыт адамның жеке дамуына бөлінген уақыт болып саналады. Алайда уақытқа құндылық ретінде қарау көзқарасы бірден пайда болмайды. Бірқатар зерттеуші бос уақытты шектеусіз мүмкіндіктер кеңістігі ретінде интерпретациялайды, ол тек «жұмыстан демалу» сияқты емес, сондай-ақ «өзі үшін демалу» ретінде болғаны абзал. Сондықтан ол жалпыға бірдей қолжетімді мәдени құндылық болып саналады.

Мәліметтерге сәйкес, бос уақыттың маңыздылығы жауап берушілердің барлық жас категорияларына бірдей. Мәліметтерді талдау жауап берушілердің басым көпшілігі (87,3%) бос уақыттың маңыздылығын атап өткен (44,8%+42,5%) (15 диаграмма).

15 диаграмма. «Сіздің бос уақытыңыз Сіз үшін қаншалықты маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Әрі қарай жас қазақстандықтардың бос уақыттарының құрылымы қарастырылды. Сөз бос уақытты өткізуді сипаттайтын қызмет түрлері жайлы болмақ. Біз бірқатар қызмет түрі ұсынылды: мәдениетті жеке тұтыну – кітап, журнал, газет оқу, радио тыңдау, телехабарлар көру; ашық-визуалды

мәдениетті тұтыну –театр, кино, концерт, музей, көрме, діни ғимараттарды тамашалау, спорттық залдарға бару; сауық шаралары мен ойындар – би клубтары, компьютерлік залдар және т.т. бару.

Социологиялық мәліметтер көрсеткендей, жауап берушілердің жартысынан көбі ешқашан көрмелерге бармаған (60,6%), хайуанаттар бағы (53,3%), компьютерлік клубтарға (62,9%), музейге (54,2%), түңгі би клубтарына (56,4%), театрға (55%) бармаған. Мәліметтер 13 кестеде көрсетілген.

Жауап берушілер арасында кітапханаға барғандар саны төмен, жауап берушілердің 44,9% ешқашан кітапханада, концерт залдарында – 50,2%, спорттық залдарда болмаған – 36,7%.

Бұл жерде жас адамдардың сұранымдары жағынан жас ерекшеліктерінде айырмашылықтар байқалады, атап айтсақ 24 – 29 жастағы аға топ өкілдері ашық-сауық, аквапарк, көрме, кітапхана, концерт залы, музей сияқты мәдени орындарына едәуір аз баратыны анықталды.

**13 кесте. «Төменде тізбектелген орындарға Сіз қаншалықты жиі барасыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Ешқашан	Жылына 1-2 рет	Жылына 3-6 рет	Айна 1 ретке жуық	Аптасына 1 ретке жуық	Аптасына 1 реттен көп	Жауап беруге қиналамын
Аквапарк	40,6	<b>45,6</b>	8,2	1,2	0,4	0,1	3,8
Бар/Дәмхана/Мейрамхана	11,5	23	<b>30,5</b>	21,7	5,7	2,1	5,3
Кітапхана	<b>44,9</b>	22,4	9	8,3	4,2	5,2	5,8
Көрме	<b>60,6</b>	21,8	7,9	2,8	0,4	0,4	5,9
Хайуанаттар бағы	<b>53,3</b>	<b>31,9</b>	7,5	1,4	0,5	0,3	4,9
Ойын және сауық орталығы	42,4	20,6	14,1	11,6	5,9	1,6	3,7
Кинотеатр	19,8	24,5	23,6	19,1	7,3	2,1	3,5
Компьютерлік клуб	<b>62,9</b>	13,4	7,1	6,3	4,5	1,4	4,3
Концерт залы	<b>50,2</b>	24,9	12,3	6,1	1	1	4,4
Музей	<b>54,2</b>	<b>29,3</b>	9,1	2,3	0,7	0,3	4
Түңгі би клубы	<b>56,4</b>	14,9	10	8,6	2	1	7
Сұлулық салоны	25,7	10,9	20	<b>29,6</b>	3,3	2,2	8,1
Спорт залы	36,7	14,1	8,7	11,5	9,2	13,1	6,6
Театр	<b>55</b>	24,5	9	4	1,1	0,5	5,8
Шіркеу/Мешіт	25,9	<b>29,9</b>	13,2	12,1	5,7	3,6	9,5

Жылына 1 реттен көп емес жастар аквапаркке барады (45,6%), хайуанаттар бағына (31,9%), музейге (29,3%), шіркеу/мешітке (29,9%). Жылына 3-6 рет жас адамдар бар/дәмхана/мейрамханаларға – 30,5%, кинотеатрларға барады – 23,6%.

Осылай бос уақыттың құрылымында оның мазмұнын зерттеу жас адамдардың проблемасын анықтауға мүмкіндік береді, ол қалалық және ауылдық жауап берушілердің сауық ортасының белсенді мәдени-дамыту әлеуетінің айтарлықтай бөлігін ғана пайдаланады екен.

Жалпы мәліметтер көрсеткендей, мәдени, сауық орындарына бару көрсеткіші әсіресе ауылдық жастар арасында көрініс табады. Бұл әрине осындай мекемелердің ауылдық жерлерде қолжетімді емес екендігімен түсіндіріледі. Бірақ оларға қарапайым кітапханалар қолжетімді екенін атап өткен дұрыс, бірақ бұл мекемелерге де ауылдық жерлерде бару көрсеткіші төмен.

### 3.2. Жас адамдардың мәдени сұранымдары

Алынған мәліметтер көрсеткендей, заманауи жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желілерге көп көңіл аударатыны көрініп тұр – 73,3% (14 кесте).

Әлеуметтік желілерге көбіне қалалық жастар көңіл бөледі (75,6%), олардың жасы 24 жасқа дейін – 74,5% - 14 тен 18 жасқа дейін және 75,4% 19 дан 23 жасқа дейін, оқитын және сонымен қатар жұмыс істейтін (81,3%), үйленбеген/тұрмыс құрмағандар – 76,2%.

14 кесте. «Соңғы апта ішінде Сіз нені оқыдыңыз/көрдіңіз/тыңдадыңыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Пайдаландым	Пайдаланған емеспін	Жауап беруге қиналамын
Газеттер/баспа журналдары	32,3	<b>65</b>	2,7
Газеттер/ электронды журналдар	24,8	<b>71</b>	4,1
Жаңалықтар сайты	<b>50,4</b>	45,9	3,7
Телевидениедегі жаңалықтар көрсетілімі	<b>64,2</b>	31,6	4,1
Кітаптар, оның ішінде электронды немесе онлайн	28,6	<b>65,5</b>	5,9
Радиодағы жаңалықтар шығарылымы	29,3	<b>64,7</b>	5,9
Әлеуметтік желілер	<b>73,3</b>	21,7	4,9

Жауап берушілердің 64,2% жаңалықтар шығарылымдарын теледидар арқылы көреді екен. Телевизиялық жаңалықтардың танымалдылығы отбасын құрғандар арасында (70,8%) жасы 24 тен 29 жасқа дейін – 68,2%. Танымалдылығы жағынан үшінші орында жаңалықтар сайты тұр – 50,4%.

Жастар газет пен журналдарды оқымайды деуге болады (65% – баспа және 71% – электронды), кітаптар (65,5%) оқымайды, 64,7% – радио тыңдамайды. Мәліметтер бойынша келесіні көруге болады, үштен бір бөлігі – оқитын жастар, бұл мейлі электронды немесе баспа материал болсын. Атап айтсақ, баспа газеттері мен журналдарды жиі ауылдық жастар арасында оқиды (35,9%). Жас ерекшеліктері жағынан олар жасы 24 тен 29 жастағылар үшін жақын – 35,2%. Электронды материалға байланысты жағдайға келетін болсақ, онда 19 дан 23 жастағылар басым түсіп отыр – 26,2%. Сондай-ақ оларды 10% жуығы қалалық жастар тұтынып отыр (29,3% қарсы 19,1%).

Көркем әдебиет те көбісін қызықтырмай отыр. Жалпы таңдау бойынша қазіргі уақытта көркем әдебиетті жауап берушілердің 35,7 % оқиды. Мәліметтер бойынша, жас адамдардың көпшілігі қазіргі уақытта оқымайды (61,7%). Жауап берушілердің қалған 2,5% жауап беруге қиналды.

Жастар үшін ең танымал жанрлар қатарына шытырман оқиғалар (27%), махаббат романдары (24,6%), детективтер (20,8%) жатады. 19,4% тарихи әдебиетті таңдап отыр, 16,4% – фантастика мен фэнтези жанрын. Мәліметтер 15 кестеде келтірілген.

**15 кесте. «Сіз қандай жанрдағы кітаптарды оқуды қалайсыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	Таңдау саны
Шетел классикасы	10,6
Заманауи көркем проза	10,4
Орыс авторларының классикасы	11,6
Отандық классика	8,3
Поэзия	10,3
Фантастика және фэнтези	16,4
Детективтер	<b>20,8</b>
Махаббат романдары	<b>24,6</b>
Шытырман оқиғалар	<b>27</b>
Тарихи әдебиет	19,7
Публицистика	3,5
Басқа	7,2
Жауап беруге қиналамын	11,7

Жауап берушілердің оннан бір бөлігі шетел классикасын (10,6%), заманауи көркем прозасын (10,4%), орыс авторларының классикасын таңдап отыр (11,6%). Тек 8,3% отандық классикасын таңдаған. Жауап берушілердің 11,7% жауап беруге қиналды.

Мәліметтер бойынша жауап беруші жастар заманауи шетел музыкасын тыңдағанды ұнатады – 37%. Ол 14 тан 18 жастағы жастар үшін танымал болып отыр – 44,4%.

Екінші орында қазақстандық поп-музыкасы – 22% және үшінші орында – ресей музыкасы (17,7%). Қазақстандық поп-музыканы жиі 24 тен 29 жасқа дейінгі жастағылар тыңдайды – 23,4%, 18 ден 23 жастағылар арасында бұл көрсеткіш 21,9%, 14 тен 18 жастағылар – 19,3% құрайды.

Классиканы тыңдауға жауап берушілердің оннан бір бөлігі ғана (10,1%), халық – 4,9% әуестенеді. Жауап берушілердің 5,4 % басқа жауап нұсқасын таңдады, олардың ішінде корей, үнді, шығыс, хип-хоп, рэп, рок және діни музыкасы. Мәліметтер 16 диаграммада көрсетілген.


**16 диаграмма. «Сіз негізінен қандай музыканы тыңдауға әуестенесіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



Жауап берушілердің 73,3% күн сайын интернетті қолданады, осы ретте жалпы қолданатындар үлесі – 7,7% құрайды. Бұл көрсеткіш қалалық жастар арасында қолданушылар 77%, ауылда – 68,6% құрап отыр. Жауап берушілердің 10,7% ауылдық жерлерде мүлдем интернетті қолданбайды, қалада бұл көрсеткіш 5,4% тең.



17 диаграмма. «Сіз қаншалықты жиі интернетті тұтынасыз (тасымалдауыштың кез келген түрінде)?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



### 3.3. Мәдениетпен танысудың негізгі көздері

Қазақстандық жастардың әуестеріне, олардың мәдени бағдарлары мен сұранымдары не ықпал етеді екен? Алынған жауаптар бойынша, заманауи жастар үшін негізгі мәдени көздеріне телевидение болып есептеледі – 48,1%. Жауап берушілердің 36,1% театрды таңдады. Мәдениетке тартылудың көзі ретінде музейді жауап берушілердің 27,3% белгілесе, 23,5% – кинотеатрлар мен 19,4% кітапхананы белгілеп отыр (16 кесте).

16 кесте. «Сіз үшін не мәдениетке араласудың көзі болып табылады?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқалары	Таңдау саны
Теледидар	48,1
Кинотеатр	23,5
Театр	36,1
Музей	27,3
Би клубы	2,7
Діни ошақтар (шіркеу/мешіт/синагога)	16
Кітапхана	19,4
Ойын-сауық орталығы	7,7
Басқа	4,6
Жауап беруге қиналамын	7

Егер телевидение негізгі мәдениет көзі деп санайтын болсақ, онда жас адамдардың едәуір бөлігі бос уақытын теледидар алдында өткізеді деген қорытынды жасауға болады. Және қалалық тұрғындармен салыстырғанда (43,7%), ауылдық жастар осындай көрермен қатарында көп екен (53,6%).

Заманауи жастардың бос уақыттарын өткізу ерекшеліктерін талдау кезінде жастардың мәдени тұтынымдарын дифференциациялау жастардың жас ерекшеліктеріне тікелей байланысты деген қорытынды жасауға болады. Және осыны практикада түрлі жаппай жастар шараларын ұйымдастырған кезде есепке алған дұрыс болады.

Бүгін мемлекет жас адамдардың бос уақыты тиімді пайдалануына мүдделі, себебі осындай бос уақыттың мазмұны – нақты бір орындарға бару, уақыт өткізу, бос уақытта атқарылатын қызмет түрлері, осының барлығы жастардың мәдениет деңгейіне, оның санасына, тұтынушылықтарына, қызығушылықтарына негізделеді.

Белгілі болғандай, жастардың заманауи мәдени практикасы, мүмкін, жастардың мәдени сұранымдарына және қызығушылықтарына толығымен жауап берушілердің өтініші бойынша сәйкес келмейтін шығар, мысалы, музыка, әсіресе заманауи құралдар, әлеуметтік желілер, бұл оларды театр, музей, көрмелерге барғанша мықты еліктіріп отыр. Жастардың басым көпшілігі бүгін электронды және баспа басылымдарына қызықпайды, жедел түрде жаңалықтар сайтарын шолып өту әлдеқашан танымалдылыққа ие болды.

Жалпы жастардың мәдени өмірге араласу деңгейі айтарлықтай төмен деңгейде екені анықталды. Кинотеатр, дәмхана, бар және мейрамханалардан басқа түрлі мәдени-сауық шараларға қатысатындар үлесі бірнеше пайызды ғана құрайды. Әрине, мәдени белсенділіктің мүмкіндігі және толықтығы бос уақыттың болуы және мәдени инфрақұрылымның даму деңгейі сияқты объективті факторларға байланысты.

Бүгінгі таңда жас адамдар мәдениетке көбіне тұтынушылық көзқарас танытып отырғанын көруге болады. Зерттеу нәтижелері бойынша жалпы елдің жастарында рухани шығармаларды, классикалық мәдениетті тұтыну деңгейінің төмендеуінің маңызды және артықшылықты тенденциясы болып табылады. Мүмкін, осы жағдайдан өткеру үшін тек қанағаттандыру үшін ғана емес, сондай-ақ жастардың мәдени ұстанымдары мен сұранымдарын қалыптастыру үшін негізгі бағыт заманауи инфрақұрылымды құру қажет болады.

## 4. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

### 4.1. Жастардың саяси сұранымдары мен күтулері

Еліміздің жас тұрғындарының саяси құндылықтарының ерекшеліктерін зерттеу мақсатында социологиялық зерттеудің аталмыш тармағы қарастырылуда. Осы жағдайда құндылықтар саяси салада, сондай-ақ саяси қызмет туралы тұрақты пікірлер, саяси ұстанымдар, сана сезім және жас адамдардың мінез-құлқы жалпылама идеялар ретінде анықталады.

Сауалнама жүргізу барысында біз жастардан қаншалықты оларға бүгін саяси сала маңызды екені жайлы сұрадық. Нәтижелер көрсеткендей, жауап берушілердің 47% саясат олар үшін маңызды деп есептейді (14,9% – өте маңызды және 32,1% – маңызды деп ойлаймын). Мәліметтер 18 диаграммада көрсетілген.

Алайда жауап берушілердің жартысына жуығы үшін бұл сала маңызды болып саналмайды – 49,7%. Осылай жиі қалалық жастар есептейді. Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл 14 тен 18 жастағылар екен – 52,6%.


18 диаграмма. «Сіз үшін саясат қаншалықты маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Әрі қарай жауап берушілерге «Сіз әділ қоғамда тұрып жатырмын деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің төрттен бір бөлігі өздері әділ қоғамда тұрып жатырмыз деп есептейді (25,3%). Жауап берушілердің 46% «әділ деп ойлаймын» жауап

нұсқасын таңдады, ал «әділ емес деп ойлаймын» деген жауап нұсқасын 19,3% таңдады. 5,3% өздері әділсіз қоғамда тұрып жатқанына сенімді (19 диаграмма).

19 диаграмма. «Сіз әділ қоғамда тұрып жатырмын деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %




Алынған талдауға жүргізілген жауап берушілердің түрлі топтары үшін есептелген корреляция, келесі тенденцияларды анықтады: 14-тен 18 жасқа дейінгілер арасында өздерін әділ қоғамда тұрып жатқанын белгілегендер көп кездеседі – 76,2% (28,8%+47,4%), басқаларға қарағанда: 19-23 жастағылар – 70,7% (23,4+47,2%) және 24-29 жастағылар – 68,5% (24,4%+44,1%).

Ұлттық ерекшеліктер жағынан сыни көзқарасты көбіне орыстар белгілеуде – 30,8% (23,9%+6,9%), Тұрып жатқан елді мекендер жағынан қалалық жастар – 28,6% (22%+6,6%).

Жауап берушілердің басым көпшілігі «қоғамның өмірінде мемлекет белсенді әрекет етуі тиіс» деген пікірді ұстанады – 69,7%. Жауап берушілердің оннан бір бөлігіне жуығы өзгеше ойлайды екен – 9,7%. Жауап берушілердің 16,2% бұл сұраққа селқос қарайтындарын жасырмады (20 диаграмма).

20 диаграмма. «Қазақстандық қоғам үшін не аса маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Жауап берушілердің жауаптар құрылымында 14 тен 18 жастағылар жиі «маған бәрібір, өз мүдделерім мен уайымдарыммен өмір сүремін» деген жауап нұсқасын белгілейтіні байқалады – 17,7%. Жұмыспен қамту жағынан бұл мәселеге осылай оқитын жастар және бір мезгілде жұмыс істейтін жастар қарайды екен – 22%.

Зерттеу барысында жауап берушілерге Қазақстанға даму кезінде қай елдің дамуына қарап отыруы тиіс деген сұрақ қойылған болатын. Мәліметтер 17 кестеде берілген.

Жауап берушілердің үштен бір бөлігі Қазақстанның өз даму жолы болу керек және ешбір елге қараудың қажеті жоқ деп есептейді (31,3%). Осындай көзқарасты көбіне қазақтар қолдауда (34,1%). Орыстар арасында бұл көрсеткіш – 23,6% және өзге ұлт өкілдері арасында - 20,5% құрайды. Ауылдық жерлерде (35,8) осы позицияны қаланың жастарына қарағанда (27,9%) жиі қолдайды. Жас ерекшеліктері жағынан осылай 24-29 жастағылар жауап берушілердің 32,9% санайды, 19-23 жастағылар – 31,3%, 14-18 жастағылар – 29%.

17 кесте. «Қазақстан дамуы кезінде қай елдің дамуына қарап отыруы тиіс?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Еш елге сүйенудің қажеті жоқ, Қазақстанның дара жолы бар	31,3
Ресей	21
Таяу Шығыс елдері (Араб Әмірлігі, Сауд Арабиясы және басқа)	13
Шығыс елдері және Оңтүстік-Шығыс Азия (Жапония, Малайзия, Оңтүстік Корея және басқа)	10
Батыс Еуропа елдері (Ұлыбритания, Франция, Нидерланды, Скандинавия елдері және т.т.)	8,5
Америка Құрама Штаттары	5,5
Қытай	3,7
Орталық-азия елдері (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан)	1,9
Басқа	0,2
Жауап беруге қиналамын	4,7

Жауап берушілердің бестен бір бөлігі Қазақстан өзінің дамуы кезінде Ресейге бағытталуы тиіс деп есептейді – 21%. Осылай 41% орыс, 25,2% – өзге ұлт өкілдері және 15,1% – қазақтар есептейді.


Мәліметтер бойынша, Қазақстан Батыс Еуропа елдеріне (8,5%), АҚШ (5,5%), Қытай (3,7%) және Орталық-азиялық елдеріне аз бағытталуы тиіс (1,9%). 4,7% жауап беруге қиналды.

Жауап берушілердің басым көпшілігі өздерінің Қазақстанда тұрып жатқандарына мақтан тұтады. «Сіз өзіңіздің Қазақстанда тұрып жатқаныңызға қаншалықты мақтан тұтасыз?» деген сұраққа зерттеуге қатысқандардың 89,6% (62,4%+27,2%) оң жауап берді.

1,7% теріс бағалады. 5,3% өздерінің немқұрайлылығын көрсетті. Жас адамдардың тағы 1,4% бұл елде тұрақты түрде тұрмайтындарын атап өтті.

Жауап берушілердің 1,8% осы сұраққа жауап беруге қиналды (21 диаграмма).

21 диаграмма. «Сіз өзіңіздің Қазақстанда тұрып жатқаныңызға қаншалықты мақтан тұтасыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Зерттеуге қатысушылардың саяси белсенділігін бағалау үшін сауалнамаға «Сіз сайлауға әлде қатыстыңыз ба?» деген сұрақ қойылған болатын. Пікіртерім көрсеткендей, қазақстандық жастардың саяси қатысу деңгейі келесідей болды. Мәліметтер 22 диаграммада берілген.

Жас жауап берушілердің 23,5% әрқашан сайлауға белсенді қатысатынын белгіледі. Негізінен 24 тен 29 жастағы жауап берушілер сайлауды өткізбейтіндерін жеткізді – 31,5%.

Жауап берушілердің үштен бір бөлігі уақыттары болғанда ғана сайлауға баратындарын жасырмады (33,4%). 10,7% сайлауға сирек қатысатындарын жеткізді. Жауап берушілердің 16,6% әлі сайлауға қатыспағандарын алға тартты, себебі әлі кәмелеттік жасқа толмаған. Тағы 4,4% жауап беруге қиналды.

Қалған 11,3% сайлау кезінде дауыс беруге бармайды (5,2%+6,1%).

22 диаграмма. «Сіз сайлауға қатысасыз ба әлде қатыстыңыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ең маңызды «Әлеуметтік әділеттілік қоғамы» (38,5%), «Ақиқат және мейірбандылық қоғамы» (22,7%), «Жеке бостандық және бизнес қоғамы» (16,8%), «Адал еңбек адамдарының қоғамы» (12,6%) болып табылады.

Жауап берушілердің аз бөлігі «тұтыну және жайлылық қоғамы» (1,8%), «наным және жақындарға деген махаббат қоғамы» (4,3%) дегенді белгіледі (23 диаграмма).



23 диаграмма. «Сіз қандай қоғамда тұрғыңыз келеді, Қазақстанды қандай болғанын көргіңіз келеді?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %




Жалпы талдауға жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстанның жауап беруші жас адамдарының көп бөлігі әділ және әлеуметтік бағыттағы елде тұрғысы келетіндерін көрсетті.

Жас буын арасында әділ қоғам, жеке бостандық және бастамашылық, адал еңбек сияқты саяси құндылықтарға көбіне бағытталаыны анықталды.

Өздерінің болашаққа деген көзқарастарын сипаттау үшін пікіртерімге қатысушылар үміт және оптимизма (56,6%) сезімдерін жиі атады, сондай-ақ сабырлық, ешбір ерекше ауыс-түйістерді күтусіз өмір (30,6%). Сондықтан болашаққа қатысты елдің жастары арасындағы негізгі эмоционалды фон – бұл үміт, оптимизм және сабырлық.

Осы ретте жауап берушілердің жынысы, жас ерекшелігі, ұлты және жұмыспен қамтылу жағынан көзқарастардың бөлінуі біркелкі екенін атап өткен абзал.

24 диаграмма. «Сіз болашаққа қандай сезіммен қарайсыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



#### 4.2. Жастардың қоғамдық-саяси сауаттылығы және білімі

Жастар арасында мемлекеттік рәміздерді білу деңгейі келесідей болып қалыптасты: мемлекеттік рәміздер деп жауап берушілердің 91% мемлекеттік ту, 86,3% – елтаңба және 74,1% – әнұранды белгіледі. Мәліметтер 17 кестеде көрсетілген.

Зерттеу көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерге қарамастан жастар мемлекеттік рәміздер туралы хабардар екендерін байқатты.

17 кесте. «Тізбектелгеннің қайсысы Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне жатады?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқалары	Тандау саны
Қазақстан Республикасының Конституциясы	31,3
Мемлекеттік ту	91
Мемлекеттік елтаңба	86,3
Мемлекеттік әнұран	74,1
Қазақстан Республикасының заңнамасы	17,6
Қазақстан валютасы теңге	16
Қазақ ұлттық оюы	15,9
Астана қаласындағы Бәйтерек	7,9
Шаңырақ символы	10
Басқа	0,5
Жауап беруге қиналамын	0,6

Социологиялық зерттеу барысында жас қазақстандықтардың ұлттық бағдарлама, акт және идеялар туралы хабардар болуы зерттелді. Осы мақсатта «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің мазмұнымен таныссыз ба?» деген сұрақ қойылды (24 диаграмма).

**24 диаграмма. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің мазмұнымен таныссыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



Белгілі болғандай, жауап берушілердің жартысынан азы ол туралы ешқашан естімеген болып шықты (45,9%). Ауылдық жерлерде қаламен салыстырғанда (42,6%), жиі осы патриоттық акт жайлы білмейді екен (50,2%).

Зерттеуге қатысушылардың 41,9% бір нәрсе естіген және жауап берушілердің оннан бір бөлігі ғана оқыған, көрген және оның мазмұнымен жақсы таныс екен.

Жауап берушілердің қалған 2,1% бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Аталмыш тұжырымдама туралы ақпарат алудің негізі көзі телевидение болып табылады – 65%. Мәліметтер 18 кестеде берілген.

Осы ақпарат көзі қалалық жастар арасында кеңінен танымал (67,9%). Ауылдық жастар арасында жиі газет (22,4%) және достар, таныстар (22,4%) сияқты ақпарат көзін белгілеген.

Танымалдылығы төмен ақпарат алу көздері мектеп, колледж, университет (4,6%), жұмыс орны (0,5%).

18 кесте. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі жөнінде Сіз қай ақпарат көздерінен білдіңіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Телевидение	65
Достар, таныстар	17,7
Газеттер	17,8
Әлеуметтік желілер	14,2
Интернет ресурстары	11,5
Басқа	0,3
Мектеп, колледж, университет	4,6
Жұмыста	0,5
Жауап беруге қиналамын	5,1

Жауап берушілерге «Мәңгілік Ел» идеясында белгіленген құндылықтардың әрқайсысы қаншалықты Сіз үшін маңызды?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың көп бөлігі «маңызды» және «маңызды шығар» деп бағалаған шкаланың оң жақ бөлігін қамтып, көрсеткішті 84% дан 94% дейін жеткізді.

Теріс бағалар – 2% дан 9,5% дейін, олардың көп бөлігі «маңызды емес шығар» деген жауап нұсқасына тиіселі болды (19 кесте).

19 кесте. «Мәңгілік Ел» идеясында белгіленген құндылықтардың әрқайсысы қаншалықты Сіз үшін маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Маңызды	Маңызды шығар	Маңызды емес шығар	Маңызды емес	Жауап беруге қиналамын
Тәуелсіздік және Астана	57,9	31,8	4,3	2,2	3,7
Жалпыхалықтық бірлік, бейбітшілік және келісім	67,7	26,5	1,9	0,7	3,1
Зайырлы мемлекет және руханият	50,6	35,3	7,7	1,8	4,5
Инновациялар негізінде қалыпты экономикалық өсім	60,8	29,5	4,5	1,1	4
Жалпыға ортақ еңбек қоғамы	55,2	33,9	4,5	1,5	4,8
Тарих, мәдениет пен тілдің ортақтық	57,9	31,9	3,7	1,3	5,2
Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпыәлемдік және аймақтық проблемаларды шешуге жаһанды қатысуы	65,2	27	1,8	1,3	4,6

Әрі қарай жауап берушілерден «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы» идеясымен таныссыздар ма немесе естулеріңіз бар ма? деген сұрақ қойылды. Жауап берушілердің тек 5% оны оқыған, көрген және мазмұнымен жақсы таныс екендерін білдірді. Тағы 37% идея туралы естулері бар екенін жасырмады. 2,7% жауап беруге қиналды.

Қалған 55,3% «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы» идеясы туралы ешқашан естімеген (25 диаграмма).

25 диаграмма. «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы» идеясы туралы білесіз бе әлде естуіңіз бар ма?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



#### 4.3. Жас қазақстандықтардың тілдік сұранымдары

Белгілі болғандай, Қазақстанның тілдік ахуалы қарапайым деп айтуға келмейді. Ол тарихи қазақ және орыс тілдерінің қолданылуы есебінен қалыптасты. Жас қазақстандықтардың тілдік сұраныстарын зерделеу үшін зерттеу барысында «Сіз барлық азаматтар мемлекеттік тілді білулері тиіс деп санайсыз ба?» деген сұрақ қойылған болатын (26 диаграмма).

26 диаграмма. «Сіз барлық азаматтар мемлекеттік тілді білулері тиіс деп санайсыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Пікіртерім нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің жартысына жуығы елдің барлық азаматтары мемлекеттік тілді білулері тиіс деп есептейді – 49,4%. Осындай пікірді көбіне қазақтар арасында көбіне ұстанады екен – 57,7%. Өзге ұлт өкілдерінің көпшілігі және орыстар – «Жұмыстары мемлекеттік тілді білуді қажет ететіндер үшін міндетті деп санаймын» сәйкесінше 45,2% және 44%. Мәліметтер 20 кестеде берілген.

20 кесте. «Азаматтардың барлығы мемлекеттік тілді білулері тиіс пе?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, ұлттар арасынан, %


Жауап нұсқасы	Қазақ	Орыс	Өзге ұлттар
Иә, міндетті деп санаймын	57,7	24,7	35,7
Ол жұмыстары мемлекеттік тілді білуді қажет ететіндер үшін міндетті деп санаймын	32,2	44	45,2
Жоқ, міндетті емес деп санаймын	7,4	28,6	18,1
Жауап беруге қиналамын	2,6	2,7	1

Басқа әлеуметтік-демографиялық белгілер бойынша жауап берушілердің мәліметтері біркелкі болып келеді.

Зерттеу барысында жас жауап берушілерден біз «Сіз қалай есептейсіз, Сіздің саяси мүдделеріңіз, көзқарасыңыздың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпарат ықпал етті ме?» деп сұраған едік. Мәліметтер 27 диаграммада көрсетілген.

Негізінен жас адамдар БАҚ ешқандай ықпал ете қойған жоқ деді – 32,8%. Сондай-ақ, жауап берушілердің 17,4% үлкен ықпал етті десе, ол «орташа» ықпал деп - 26,1% белгіледі.

27 диаграмма. «Сіздің саяси мүдделеріңіз, көзқарасыңыздың қалыптасуына БАҚ ықпал етті ме?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Әрі қарай жүргізілген талдау көрсеткендей, жауап берушілер жиі қазақстандық БАҚ келіседі екен – 22,7%. Ресей БАҚ ықпалы 12,1% және шетел БАҚ - 6,2%.

21 кестеде көрсетілгендей, шетел БАҚ пікірімен ешқашан келіспейтіндерін жауап берушілердің 18,5% белгілесе, ресейлік – 11,2% және қазақстандық 7,8%.

21 кесте. «Сіз БАҚ жарияланып жатқан пікірмен қаншалықты жиі келісесіз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Қазақстандық БАҚ	Ресейлік БАҚ	Шетелдік БАҚ
Иә, жиі	22,7	12,1	6,2
Кей кездері	37,3	38	31,3
Сирек	25,8	31,1	32,4
Ешқашан	7,8	11,2	18,5
Жауап беруге қиналамын	6,3	7,6	11,5

Сонымен, алынған мәліметтер көрсеткендей, жастардың негізгі саяси құндылығы – бұл өз еліне деген мақтаныш екен. Жас буын Қазақстан өз дамуында өз жолының болғанын қалайды екен және ешбір елге

бағытталмауы тиіс деп санайды, сондай-ақ мемлекеттің социум өміріне белсенді араласқанын қалайды екен. Тілдік тұрғыда ең таралған ұстаным – елдің барлық азаматтары мемлекеттік тілді білуге міндетті.

Жастар мемлекеттік рәміздерді білу мәселесі жоғары деңгейде екенін және сайлауда орташа саяси белсенділікті көрсетіп отыр. Жалпы жастар арасында үш ұстаным кеңінен таралған деуге болады: әділеттілік, мейірбандылық пен адалдық, жеке бостандық.

БАҚ құндылықтарды, мәдениетті, жас буынның санасын қалыптастыру саласында көшбасшылардың бірі саналғанына қарамастан, зерттеу нәтижелері оның жас қазақстандықтардың саяси санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде ықпал ете алмайтынын көрсетеді.



## 5. ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

### 5.1. Жас буынның рухани-адамдық мәдениеті

Жас буынды рухани-адамдық тәрбиелеу проблемасы қазіргі уақытта әсіресе өзекті болып табылады, атап айтсақ осыған құндылықты көзқарасты қалыптастыру туралы сөз еткенде.

Зерттеу барысында жас адамдарға рухани-адамдық құндылықтар тізімі ұсынылды. Пікіртерім нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілер қазіргі жастардың бойында алдымен көбірек жауапкершілікті тәрбиелеу қажет деп санайды. Осылай жауап берушілердің жартысынан көбі жауап берді – 51,3%. Әрі қарай мейірбандылық, қамқорлық (43%), басқа адамдарды сыйлау (35,1%), еңбекқорлық (32,9%) деген қасиеттерді атады. Жауап берушілердің төрттен бір бөлігі адалдық (20,5%) және төзімділік (20,2%) сияқты қасиеттерді атады. Мәліметтер 22 кестеде берілген.

22 кесте. «Қазіргі жастардың бойында қандай қасиеттерді тәрбиелеу керек?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Жауапкершілік	51,3
Мейірбандылық, қамқорлық	43
Басқа адамдарды сыйлау	35,1
Еібекқорлық	32,9
Адалдық	20,5
Төзімділік	20,2
Ұқыптылық	14,9
Тәртіптілік	13,3
Мақсатқа қол жеткізушілік	9,8
Өз ойын білдірушілік	9,1
Патриотизм	8,5
Өзімшіл емес	7,3
Ақыл	6,6
Тіл алушылық	5,2
Діндардық, құдайға сенушілік	4,9
Қиялдаушылық	2,6
Жауап беруге қиналамын	0,1

Жастар арасында танымалдылығы төмен қасиеттердің қатарына қиялдаушылық (2,6%), діндарлық, құдайға сенушілік (4,9%), тіл алушылық (5,2%) сынды қасиеттерді жатқызды.

Патриотизмді жауап берушілердің 8,5% таңдады.

«Сіз қалай есептейсіз, бірінші кезекте, Қазақстандық жастарды рухани-адамдық тәрбиелеуге кім жауап беруі тиіс (мейірбан, адал, жауапты және т.т. болуды)?» деген сұраққа берілген жауап нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің басым көпшілігі жауаптылықты отбасына берді – 80 %. Яғни, қазіргі жастардың пікірінше жас буынды тәрбиелеуде басты агент отбасы болып табылады деп есептейді. Мәліметтер 23 кестеде берілген.

23 кесте. «Қазақстандық жастарды рухани-адамдық тәрбиелеуге кім жауап беруі тиіс?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Отбасы	80
Мектеп	7,4
Мешіт, шіркеу	2,8
Қоғамдық ұйымдар	1,3
Жастарды дамытуға және қолдау көрсетуге жауап беретін мемлекеттік органдар	3,9
Кітапханалар, оқу залдары	0,4
Театрлар, музей, көрмелер	0,6
Әскер	0,3
Телевидение және БАҚ	0,8
Достар мен замандастар компаниясы	0,4
Еңбек ұжымы, курстастар, сыныптастар	0,2
Басқа	0,3
Жауап беруге қиналамын	1,1

Осындай пікір ауылдық тұрғындар арасында кеңінен таралған – 84,9% (қарсы 76,2%) және жиі 19 тан 23 жастығылар – 83,6%.

Келесі сұрақ: «Сіздің пікіріңізше, жастарды рухани-адамдық тәрбиелеу ісін отбасы және білім беру жүйесі қаншалықты тиімді атқаруда?».

Жалпы нәтижелер көрсеткендей, ұсынылып отырған әлеуметтендіру агенттерінің арасында рухани-адамдық тәрбиелеу қызметін отбасы жақсы атқарып отыр – 66,1%.

Ең төмен бағалау көрсеткіші университеттер мен институттардың қызметіне тиіселі (мүлдем айналыспайды – 11,9%). Бұл қазіргі жоғары мектептің ерекшелігіне байланысты – негізінен кәсіпті үйретуге бағытталғандығымен түсіндіріледі.

Алайда пікіртерімде көрсетілген барлық субъектілердің қызметін сауалнамаға қатысқандар қолдап отыр: қолдаған жауаптардың саны қарсы деп берілген жауаптар санынан асып отыр (24 кесте).


**24 кесте.** «Жастарды рухани-адамдық тәрбиелеу ісі қаншалықты тиімді жүріп жатыр?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %

Жауап нұсқасы	1	2	3	4	5	Жауап беруге қиналамын
Отбасы	1,5	1,8	8,1	20,9	66,1	1,4
Бала бақша	4,9	7,5	23,3	32,1	27,1	4,9
Орта мектептер	7,1	6,9	22,4	30,5	30,5	2,5
Институттар, университеттер	11,9	9,7	23,9	22,2	23,5	8,7

Жастар арасында зорлық проблемасы өзге мінез-құлық түрлерімен бірге кешенді қарастыру қажет. Атап айтсақ рухани-адамдық мәдениеттің және тәрбиенің болмауы немесе жетіспеушілігі осындай девиантты мінез-құлыққа апарды.

«Соңғы 3 ай ішінде Сіз қаншалықты жиі өзіңіздің қатарластарыңыз, курстастарыңыз, достарыңызға көрсетілген зорлықтың куәгері болдыңыз?» деген сұраққа 76,4% «ешқашан» деп жауап берді. Жауап берушілердің 16,7% кей кездері және 2,4% ғана жиі зорлықтың куәгері болғанын атады (28 диаграмма).

**28 диаграмма.** «Соңғы 3 ай ішінде Сіз зорлықтың куәгері болдыңыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Алынған мәліметтер көрсеткендей, жас адамдар зорлық куәгері болып 14 -18 жасында болады – 3,2%. Жиі қалалық жастар – 3,2%, ауылда – 1,4%. Негізінен жас ер адамдар жиі зорлықтың куәгері болады – 2,9%.

Әрі қарай мәліметтерге жасалған жиілік талдау көрсеткендей, «Айтыңызшы, Сіздің қатарластарыңызға кім зорлық көрсетті?» деген сұраққа, жауап берушілердің көпшілігі зорлықты қатарластары тарапынан (56,3%) көргендерін белгілеп отыр. Жауап берушілердің 14,7% зорлықты ата-аналар тарапынан көргенін жасырмады, 8,1 – сыныптастарынан, 2,6% - ұстаздардан көріп отырған көрінеді. Мәліметтер 25 кестеде көрсетіледі.

**25 кесте. «Сіздің қатарластарыңызға кім зорлық көрсетті?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Ата-ана	14,7
Ұстаз	2,6
Сыныптас	8,1
Қатарлас	56,3
Жұбайы	0,5
Жоғары сынып оқушылары	0,3
Маскүнем жағдайдағы адамдар	0,3
Көршілер	0,3
Жұмыс беруші	0,3
Жауап беруге қиналамын	15,7

## **5.2. Жас қазақстандықтардың діни көзқарастары мен сұранымдары**

Әрі қарай рухани-адамдық құндылықтар ретінде жастар арасында нанымның және діннің құндылығы қарастырылған болатын. Жастарға олардың өмірлерінде қаншалықты дін саласы маңызды деген сұрақ қойылды.

Мәліметтер көрсеткендей, діннің құндылық ретінде рөлі жастармен едәуір жоғары бағаланатыны анықталды. Жастардың 62,1% оң баға берді, 27,6% «өте маңызды» және 34,5% «маңызды» деп жауап берді.

29 диаграмма. «Дін Сіз үшін қаншалықты маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Қолдамағандар тарапында жауап берушілердің 29,6% құрайды. 8,2% осы сұраққа жауап беруге қиналды (29 диаграмма).

Діннің маңыздылығы орыс ұлтына қарағанда – 48,1% (15,9%+32,1%) өзге ұлт өкілдері арасында – 65,7% (28,1%+37,6%) және қазақтар арасында жоғары бағаланды – 65,2% (30,5%+34,7%). Ауылдық жастар арасында дінді өмірдің маңызды саласы деп жауап бергендер үлесі біршама жоғары – 65,4% (25,9%+39,5%), қалада бұл көрсеткіш 59,6% (28,9%+37,6%) құрайды. Мәліметтер 26 кестеде көрсетілген.

26 кесте. «Дін Сіз үшін қаншалықты маңызды?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, ұлттар және тұру мекендері жағынан, %

Жауап нұсқасы	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт	Қалалық	Ауылдық
Өте маңызды	30,5	15,9	28,1	28,9	25,9
Маңызды шығар	34,7	32,1	37,6	30,6	39,5
Маңызды емес шығар	15,2	22,3	16,2	16,9	16,2
Маңызды емес	11	21,2	12,9	15	10,5
Жауап беруге қиналамын	8,6	8,5	5,2	8,5	8

Жас адамдардың түрлі діни көзқарас түрлерін зерттеу бүгін қазақстандықтардың 77,4% өздерін діндар адамдармен теңестіреді. Мәліметтер 27 кестеде берілген.

Сондай-ақ «мен діндармын, діни қауымның өміріне араласамын, діни нормаларды сақтаймын» деген параметр бойынша **діни белсенділік** жауап берушілердің 9% құрайды.

**27 кесте. «Айтыңызшы, Сіз өзіңізді діндар адаммын деп санайсыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Таңдау саны
Мен діндармын, діни қауымның өміріне қатысамын, діни нормаларды сақтаймын	9
Мен діндармын, бірақ сирек, тек мейрамдарда ғана ғибадат орындарына барамын, сирек діни нормаларды сақтаймын	25,8
Мен діндармын, бірақ діни өмірге араласпаймын	42,5
Мен діндар емеспін, бірақ кей кездері ғибадат ету орындарына барамын, діни нормаларды сақтаймын	4,2
Мен діндар емеспін, бірақ діндарларды сыйлаймын	6,6
Мен дінге селқос қараймын	6,4
Мен діннің қарсыласымын, атеист	2,2
Жауап беруге қиналамын	3

Жауап берушілердің 68,4% **пассивті діндарлықтың** ерекше белгілерін ұстанып, «мен діндармын, діни қауымның өміріне қатысамын, діни нормаларды сақтаймын» (42,5%) және «мен діндармын, бірақ сирек, тек мейрамдарда ғана ғибадат орындарына барамын, сирек діни нормаларды сақтаймын» (25,8%) деген пікірді білдірді.

Одан әрі жасалған талдау жас қазақстандықтардың **өздерін діндар емеспін және дін мәселесіне селқос қараймын деп танытатын** жас адамдар үлесін анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, жауап берушілердің 4,2% өздерін діндарлар қатарына жатқызбай, бірақ кей кездері ғибадат орындарына баратындарын, діни нормаларды сақтайтындар үлесіне тиіселі. Өздерін діндарлар қатарына жатқызбай, бірақ басқалардың діни сезімдеріне сыйластықпен қарайтындар үлесін 6,6% құрап отыр.

Республикамыздың азаматтары ішінде атеистік көзқарасты ұстанатын топтардың үлесі көп емес екені белгілі болып отыр (2,2%). Қазақстан тұрғындарының 6,4% дінге индифферентті көзқарас танытты.

Өздерін діндарлар қатарына жатқызатындардың үлесі жас ерекшеліктері жағынан өзге топтарға жататындарға қарағанда 24 тан 29 жастағылар арасында көп кездеседі. Мәліметтер көрсеткендей, осы жас шағындағы жастардың арасында **пассивті діндарлықты** ұстанатындар көп – «мен діндармын, бірақ діни өмірге араласпаймын» – 43,5%. Осы ретте белсенді

діндарлық көзқарас елдің 14 тан 23 жастағы жас тұрғындарға көбіне жақын, осы екі топтың үлесі бірдей 10%-дан болып отыр. Жас ерекшеліктері жағынан мәліметтер 28 кестеде берілген.

Өткен сұрақтағыдай, өздерін діндармын деп санайтындар үлесі өзге ұлт өкілдері мен қазақтар арасында көп кездесетінін көрсетіп отыр.

**28 кесте. «Сіз өзіңізді діндар адаммын деп санайсыз ба?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, ұлттар арасынан, %**

Жауап нұсқасы	14 жастан 18 жасқа дейін	19 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Мен діндармын, діни қауымның өміріне қатысамын, діни нормаларды сақтаймын	10,2	10	7,5
Мен діндармын, бірақ сирек, тек мейрамдарда ғана, ғибадат орындарына барамын, сирек діни нормаларды сақтаймын	20,6	25,4	29,5
Мен діндармын, бірақ діни өмірге араласпаймын	41,1	42,4	43,5
Мен діндар емеспін, бірақ кей кезде ғибадат ету орындарына барамын, діни нормаларды сақтаймын	4,1	3,5	4,9
Мен діндар емеспін, бірақ діндар адамдарды сыйлаймын	7,1	6,2	6,6
Мен дінге селқос қараймын	9,3	6,7	4,3
Мен діннің қарсыласымын, атеистпін	3,5	3,2	0,7
Жауап беруге киналамын	3,9	2,6	2,9

Діни орындарға барудың жиілігін анықтау мақсатында «Діни және өзге де қасиеттерді жерлерге Сіз қанишалықты жиі барасыз?» деген сұрақ қойылды, жауап берушілер келесідей жауап берді: 24% – жылына бір рет діни орындарға барады, 21,9% – жартыжыл ішінде бірнеше рет, 12,2% - айына бірнеше рете барады, 8,9% - әр апта сайын, 8,5% – жылына бір реттен де аза барады.

21% – мүлдем діни орындарға зиярат етуге бармайды (30 диаграмма).

30 диаграмма. «Діни және өзге де қасиеттерді жерлерге Сіз қаншалықты жиі барасыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %




Жалпы діни рәсімдерді атқару деңгейі төмен деңгейді көрсетіп отыр. «Айтыңызшы, Сіз қаншалықты жиі діни рәсімдерді атқарасыз?» деген сұраққа келесідей жауаптар алынды. Мәліметтер көрсеткендей, жауап берушілердің оннан бір бөлігі ғана тұрақты түрде діни рәсімдерді атқарады, 26,2% – кей кездері атқарады (31 диаграмма).

Жауап берушілердің үштен бір бөлігінен азы діни рәсімдерді өте сирек атқарады (30,8%). 28,6% ешқашан діни рәсімдерді атқармаған екен.

Жиі діни рәсімдерді жас ерекшеліктері жағынан 19 дан 23 жастағы және 24 тен 29 жастағылар атқарады екен, сәйкесінше 10,7% және 10,6%.

31 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз қаншалықты жиі діни рәсімдерді атқарасыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %





Жауап берушілердің көпшілігі құдайға сену, діни орындарға барушылық жастарды рухани-адамдық тәрбиелеуге көмектеседі деп есептейді – 40,6%. Сауалнамаға қатысқандардың 29,4% бұл тек кей кездері ғана көмектеседі деп есептейді. Жауап берушілердің бестен бір бөлігі аталмыш функцияны отбасы, білім беру мекемелері және мемлекет атқаруы тиіс деген көзқарасты ұстанады (21,4%).

8,1% жауап беруге қиналды (32 диаграмма).

**32 диаграмма. «Құдайға сену, діни орындарға бару жастарды рухани-адамдық тәрбиелеуге көмектеседі ме?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



Сауалнама барысында алынған мәліметтер көрсеткендей, жауап берушілердің 45,4% әрқашан діни мерекелерді атап өтетіндерін белгіледі (33 диаграмма).

Ұлттық ерекшелік жағынан алатын болсақ, осылай жиі өзге ұлт өкілдері жауап берген екен – 51,4%, қазақтар арасында бұл жауаптың үлесі 47,2% құрап отыр және 34,6% - орыстар арасында.

Жауап берушілердің 44,1% тек ең маңызды діни мерекелерді атап отыр. Осындай жауап нұсқасын таңдағандар арасында қазақтар (41,5%), өзге ұлт өкілдеріне қарағанда (41,4%) орыстардың үлесі айтарлықтай жоғары (56%).

Ешқашан діни мерекелерді атап өтпейтін жас адамдар үлесі 6,3% құрап отыр. Оның ішінде қазақтардың үлесі барлығынан жоғары (7,1%).

33 диаграмма. «Сіздің отбасыңызда діни мерекелерді атап өтеді ме (Ораза Байрам, Пасха және т.т.)?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Жастар туған күндерін отбасы ортасында атап өтілуін қалайды екен – 69,8%. Жауап берушілердің төрттен бір бөлігі достарымен, 1,6% - әріптестер, курстастармен атап өтеміз деп белгіледі.

Жауап берушілердің 2,6% өздерінің туған күндерін мүлдем атамайды екен (34 диаграмма).

34 диаграмма. «Сіз туған күніңізді қалай мерекелеуді, атап өтілуін қалайсыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %



Жас ерекшеліктері жағынан қарастыратын болсақ, 14 тен 18 жасқа келгендер (70,8%) және 24 тен 29 жастағылар (73,4%) өздерінің туған

күндерін отбасының ортасында атап өтілгенін қалайды, ал 19 дан 23 жастағы жастар өздерінің достарымен атап өтеді екен.

Әрі қарай Жаңа жыл сияқты мейрам келетін болсақ, оны да жастар отбасының арасында қарсы алғанды қалайды екен – 81,8%. Жауап берушілердің тек 1,4% өз достарымен атап өтетіндерін белгілесе және азғантай үлесі әріптестері, курстастармен атап өтеді – 1,2% (35 диаграмма).

**35 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз Жаңа жылды қалай мерекелеуді, атап өтілуін қалайсыз?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**



### 5.3. Жастардың ұлтаралық төзімділігі

Қазақстан үшін бірінші күннен бастап басты басымдықтарға тек экономикалық жетістіктер мен әлеуметтік бағытталған саясат қана емес, қазақстандық азаматтық ұлт ретінде тұтастай қалыптасуы болды. Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекет алдында маңызды және күрделі міндет тұрды – ол қазақстандық қоғамның ішінде ұлтаралық келісімді орнату және сақтауға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу қажеттілігі.

Осы жылдар ішінде қоғамда ой бостандығы мен ұлтаралық төзімділік қалыптаса бастады деп айта аламыз, олар бүгін саяси тұрақтылықтың және елдегі әлеуметтік қауіпсіздіктің факторы ретінде рөл атқарады.

Осылай қазіргі жастар қаншалықты төзімділікті көрсететінін осы зерттеу барысында қарастырдық. *«Біздің қоғамда түрлі адамдар өте көп. Төменде түрлі адамдар топтары тізбектелген. Сіз қайсыларымен көрші болып тұрғыңыз келмейтінін атаңызшы?»* деген сұраққа келесідей жауаптар алынды. Мәліметтер 16 кестеде көрсетілген.

Жас жауап берушілердің көпшілігі дәстүрлі емес сексуалды бағдарлы адамдармен мүлдем көрші тұруға қарсы екен – 46,8%. Жастардың 19,1%

иммигранттар және шетел жұмыскерлермен көрші болып тұрғымыз келмейтін шығар деді. Осы екі позицияны жиі 19 дан 23 жастағы жас адамдар арасында көбірек белгіленген – сәйкесінше 49,4% және 8,3%.

Таныс емес тілде сөйлейтін адамдармен жақын тұрулары екіталай жауап берушілердің 16,1% құрап отыр. Осындай пікірді жас ерекшелігі бойынша 14 тен 18 жастағы (8,9%) жас адамдар ұстанады.

Жалпы, 29 кестеде көрсетілгендей, жас адамдар өзінің көршілес болуға көзқарасы индифференті болып табылады. Осылайша барлық позициялар бойынша мәліметтер жарты жауаптың көлемінен артық болып отыр («дәстүрлі емес сексуалды бағдарлы адамдармен» деген жауаптан басқа).

Егер «маған бәрібір» деген жауап нұсқасын индикатор ретінде алатын болсақ, онда пікіртерім жауап берушілердің көбі басқа ұлт өкілдеріне деген (75,3), басқа дін (69%) және некелерін АХАЖда ресми тіркемей бірге тұрып жатқан адамдарға (72,8%) деген көзқарастары төзімді екенін көрсетіп отыр.

**29 кесте. «Көрші болып Сіз кіммен тұрғыңыз келмейді?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі, %**

Жауап нұсқасы	Бірден жоқ	Жоқ, бірақ Кейбір шектеулер болса	Тұрғым келмейтін шығар	Маған бәрібір	Жауап беруге қиналамын
Басқа ұлт өкілдері (ұлттар)	3,7	6,9	7,9	75,3	6,1
Иммигранттар және шетел жұмысшылары	7,7	8,2	<b>19,1</b>	57,6	7,3
Өзге дін өкілдерімен (нанымдары басқа)	6,5	6,4	11,2	69	6,9
Некелерін АХАЖда ресми тіркемей бірге тұрып жатқан адамдармен	5,7	4,5	9,7	72,8	7,2
Сізге таныс емес тілде сөйлейтін адамдармен	6,5	5,5	<b>16,1</b>	62,2	9,6
